The prevention of criminal offenses is a priority in the activities of all law enforcement and state bodies. One of the types of special criminological prevention is the intelligence prevention of criminal offenses carried out in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: prevention, criminal offenses, criminal intelligence, law enforcement bodies, Intelligence prevention.

Согласно Закона Республики Казахстан «О профилактике правонарушений», профилактика правонарушений есть комплекс правовых, экономических, социальных и организационных мер, осуществляемых субъектами профилактики правонарушений, направленных на сохранение и укрепление правопорядка путем выявления, изучения, устранения причин и условий, способствующих совершению правонарушений¹.

В Законе Республики Казахстан «Об оперативно-розыскной деятельности» дается разъяснение самой оперативно-розыскной деятельности, где нет указания на профилактику: оперативно-розыскная деятельность есть научно обоснованная система гласных и негласных оперативно-розыскных, организационных и управленческих мероприятий, осуществля-

¹ https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30657323&doc_id2=30657323#activate doc=2&pos=3;-98&pos2=53;-42

емых в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, настоящим Законом и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан органами, осуществляющими оперативно-розыскную деятельность, в целях защиты жизни, здоровья, прав, свобод и законных интересов человека и гражданина, собственности, обеспечения безопасности общества и государства от преступных посягательств².

Об оперативно-розыскном предупреждении уголовных правонарушений и оперативно-розыскной криминологии, в целом, в Казахстане мы также не находим специальных публикаций и диссертационных исследований. Отечественные ученые (А.Д. Шаймуханов, Т.Б. Токалов, К.С. Лакбаев, Ж.Т. Успанов, А.Д. Каримова и др.) довольно подробно исследовали правовую природу и значение оперативно-розыскной деятельности государства и его органов, предлагали свои модели законов об ОРД, рассматривали субъекты и объекты ОРД и т.д. [1- 7].

Вместе с тем, еще в 2001 г. российским криминологом А.П. Исиченко впервые был предложен термин «оперативно-розыскная криминология» [8]. До этого данный термин как таковой не применялся. В течение последующих лет это понятие постепенно раскрывалось в российской научной юридической литературе.

В западной Европе и США также нет общего мнения о криминологии, об оперативно-розыскной в частности. В этих странах криминологами рассматриваются очень узко, только в рамках полицейской науки [9-10], а в некоторых государствах ближнего зарубежья ученые рассматривают эту проблему шире и придерживаются позиции оперативно-розыскной науки (сыскологии) [11-12].

Криминология, как общетеоретическая и вместе с тем прикладная наука, явилась отправной точкой для развития таких ее институтов, как пенитенциарная, медицинская, семейная (криминофамилистика), экономическая и т.д. Не исключение и оперативно-розыскная криминология, возникшая на стыке двух наук – криминологии и сыскологии (оперативно-розыскной науки). На наш взгляд, речь должна идти все же об *оперативно-розыскном праве*.

Одно их центральных мест в криминологии занимает учение о предупреждении преступлений, уголовных правонарушений в целом. Поэтому формирование оперативно-розыскной криминологии в Казахстане должно идти параллельно с развитием криминологии в целом. В рамках этого научного направления необходима дальнейшая разработка и развитие основных форм и методов оперативно-розыскной профилактики, в которой реализуются методы убеждения, поощрения, организации деятельности и контроля, осуществляемого как непосредственно самими оперативными работниками, так и лицами, содействующие органам, осуществляющим ОРД (конфидентами).

В широком смысле слова речь идет о недопущении любых противоправных деяний, в узком – о недопущении конкретных уголовных правонарушений, осуществляемое оперативно-розыскными аппаратами с применением специальных форм и методов. Правильнее говорить об *оперативно-розыскном предупреждении*, предотвращении, пресечении конкретных уголовных правонарушений и *оперативно-розыскной профилактике детерминант*, способствующих совершению конкретного уголовного правонарушения.

Предупреждение в данном случае является общим или собирательным понятием, оно включает в себя как профилактику, так и предотвращение, пресечение преступлений.

Профилактика (профилактика – от греч. слова «*prophylaktikos*– предохранительный») – это деятельность всех государственных и правоохранительных органов, которая направлена против возможного, но еще не готовящегося преступления; предотвращение – это деятельность направлена против подготавливаемого, но еще не совершенного преступления, то есть на стадии приготовления уголовного правонарушения; пресечение – деятельность, направленную на прекращение происходящего преступления, то есть на стадии покушения уголовного правонарушения.

² https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1003158&doc_id2=1003158#activate_doc=2&pos=4;-80&pos2=72;-30

Основная особенность оперативно-розыскной профилактики, которой она отличается от профилактики в криминологии, является использование в рассматриваемой категории присущих только оперативно-розыскной деятельности сил, средств и методов, системы субъектов, наделенных правом ее осуществления, оперативно-розыскных мероприятий (ОРМ), носящих, как правило, в основном негласный характер. ОРМ делятся на общие и специальные.

В ст.10 вышеуказанного закона перечислены все основания для проведения ОРМ. В целях обеспечения прав и свобод человека и гражданина в ч. 3 этой статьи указано: «3. Указанные основания являются исчерпывающими и могут быть дополнены или изменены только *законом*»³ (выделено нами. – Г.Р.)

В настоящее время в теории оперативно-розыскной деятельности (далее – ОРД) профилактическую деятельность, осуществляемую оперативными подразделениями ОВД, принято называть оперативно-розыскной профилактикой [13]. Большинство ученых сравнивают ее с профилактикой в криминологии, но при этом делают акцент на ее существенных особенностях с учетом специфики ОРД.

Таким образом, оперативно-розыскную профилактику в науке рассматривают в двух аспектах: в широком смысле – как часть общей профилактики преступности в целом и в узком – как специальную деятельность правоохранительных органов, включающую проведение оперативно-розыскных мероприятий специальных ОРМ, предусмотренных Законом Республики Казахстан «Об оперативно-розыскной деятельности», направленных в конечном итоге на обеспечение защиты граждан.

Оперативно-розыскная профилактика преступлений – это система оперативно-розыскных мероприятий, направленных на выявление, изучение и воздействие на криминогенные факторы и ситуации с целью их предотвращения, а также на лиц, замысливающих и подготавливающих преступления, с целью пресечения их деятельности [14, с.78]. Это определение, как нам представляется, не полностью раскрывает сущность этого вида профилактики.

Оперативно-розыскная профилактика преступлений представляет собой регулируемую законами и ведомственными нормативными актами научно обоснованную деятельность, проводимую оперативными подразделениями, с комплексным применением как гласных, так и негласных ОРМ для выявления и устранения детерминант уголовных правонарушений; установления лиц, склонных к совершению уголовных правонарушений; оказания на них предупредительно-профилактического воздействия с целью недопущения с их стороны совершения уголовных правонарушений; обеспечения безопасности граждан, охране и защите от преступных посягательств.

Значение оперативно-розыскной профилактики в деле борьбы с преступностью в целом, в современный период неизмеримо возрастает.

Поэтому нужно изменить приоритеты в системе подготовки кадров для оперативных подразделений правоохранительных органов. Следует ввести специальный курс отдельно, либо в преподавании ОРД оперативно-розыскной криминологии, оперативно-розыскного обеспечения предупреждения уголовных правонарушений применительно к специфике деятельности каждого ведомства, наделенных полномочиями по осуществлению ОРД.

Так, например, более углубленно можно изучать оперативно-розыскное предупреждение, соответственно, и оперативно-розыскную профилактику в рамках подготовки кадров на факультете подготовки руководящего состава ОВД (факультет №1), факультете подготовки среднего начальствующего состава (факультет №2) и факультете послевузовского образования (факультет №3).

В рамках же имеющихся рабочих учебных программах по курсу «Оперативно-розыскная деятельность органов внутренних дел» (факультет профессиональной подготовки (факультет №4) в Казахстане отводится всего 10 часов на тему «Организационные основы предупреждения преступлений оперативными подразделениями ОВД» [15]. Далее предлага-

³ https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1003158&doc_id=1003158#activate doc=2&pos=14;-101&pos2=217;-57

ется темы по предупреждению и раскрытию отдельных видов преступлений по действующему уголовному законодательству РК. Такое же положение наблюдаем и в других государствах СНГ (России, Беларуси, Кыргызстане и др.), где вопросы оперативно-розыскного предупреждения рассматриваются либо в курсе общей части криминологии, либо в общей части теории ОРД ОВД. В этом можно убедиться, просмотрев специальные сайты в Интернете.

Правовой основой для всестороннего изучения оперативно-розыскного предупреждения уголовных правонарушений являются Конституция Республики Казахстан, Законы Республики Казахстан: «Об оперативно-розыскной деятельности» от 15 сентября 1994 года №154-ХІІІ (с изменениями и дополнениями по состоянию на 19.12. 2020 г.), от 9 июля 2004 года №591-ІІ «О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних и предупреждении детской безнадзорности и беспризорности» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2021 г.), «О профилактике бытового насилия» от 4 декабря 2009 года №214 - ІV (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.07. 2020 г.), «О предупреждении правонарушений» от 29 апреля 2010 года №271-ІV (с изменениями и дополнениями по состоянию на 19.12.2020 г.) [16].

Кроме того, УК и УПК РК прямо указывают в числе задач на предупредительную функцию уголовного права (ч.1 ст.2) и уголовного процесса (ч.2 ст.8) ⁴.

Принятие Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года обуславливают необходимость дальнейшего совершенствования действующей системы права с учетом обеспечения преемственности основных направлений и ключевых проектов предыдущего документа. Поэтому законодательство страны, правоприменительная практика государственных и правоохранительных органов в следующее десятилетие до 2030 года будет развиваться и совершенствоваться в рамках исполнения задач, изложенных в Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года.

В ней с государственных позиций, наряду с другими, указано на качество юридического образования: «Восстановление качества юридического образования является принципиальным условием устойчивого развития правовой системы Казахстана [17, с. 10]. С этим мы полностью согласны, выпускники должны быть готовы теоретически и практически к суровым будням работы в рядах полиции, органов внутренних дел, прокуратуры др. Оперативно-розыскное предупреждение уголовных правонарушений применительно к специфике деятельности каждого ведомства, наделенных полномочиями по осуществлению ОРД, не является исключением.

Более того, как указывалось в этой же Концепции, «современная уголовно-правовая политика нацелена на обеспечение безопасности личности, ее прав и свобод, а также общества и государства от криминальных угроз» [17, с. 30].

Таким образом, вышеизложенные теоретические положения относительно оперативно-розыскной профилактики уголовных правонарушений позволили нам сделать следующие **ВЫВОДЫ**:

1. Профилактика остается составной частью процесса предупреждения уголовных правонарушений, наряду с понятиями, как предотвращение, пресечение уголовных правонарушений.

В теории ОРД профилактика преступлений называется оперативно-розыскной профилактикой, ввиду присущих данной категории сил, средств и методов, носящих, больше конспиративный, негласный характер.

2. В действующем оперативно-розыском законодательстве отсутствуют положения, которые регламентировали бы осуществление профилактики уголовных правонарушений оперативными подразделениями ОВД, что затрудняет процесс ее реализации в практической деятельности.

3. Ведомственным учебным заведениям правоохранительных органов скоординировать свои научные изыскания для изучения этих практически и теоретически необходимых про-

⁴https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575252&doc_id2=31575252#pos=4:45&pos2=532:-26;
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575852

блем теории ОРД, с выделением оперативно-розыскной криминологии, оперативно-розыскного права, которое должно прийти вместо теории ОРД.

Список использованных источников:

1. Шаймуханов А.Д. Размышления о понятии и сущности современного оперативно-розыскного законодательства Республики Казахстан // Вестник Уральского института экономики, управления и права. – 2009. – №3. – С. 23-26.
2. Токалов Т.Б. Теоретические, правовые и организационно-управленческие проблемы оперативно-розыскной деятельности ОВД Республики Казахстан в борьбе с преступностью: автореф. ...дис. ...д.ю.н. 12.00.09. – М., 2007. – 53 с.
3. Нургалиев Б.М., Лакбаев К.С., Кусаинова А.К. Проблемы правоприменительной практики негласных следственных действий в Казахстане // Вестник Санкт-Петербургского университета. Право. – Том 10. Вып.3. – 2019. – С.577–585; Лакбаев К.С., Рысмагамбетова Г.М., Галиханов М.М. Совершенствование оперативно-розыскного законодательства Республики Казахстан в сфере защиты прав и свобод личности / Гылым. – Наука. –1 (68). – 2021. – С.117- 120.
4. Успанов Ж.Т. Совершенствование законодательства в сфере государственного регулирования оперативно-розыскной деятельности // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Серия гуманитарных наук. – №5(108). – 2015. – С.513-518;
Он же. Вопросы морально-психологической подготовки сотрудников ОВД, осуществляющих оперативно-розыскную деятельность // Проблемы правопонимания и правоприменения в прошлом, настоящем и будущем цивилизации: сб. ст. Международной научно-практической конф., Минск, 2 апреля 2016 г.: в 2-х ч. – Минск: Международн. Ун-т «МИТСО», 2016. Ч.2. – С.150 – 153;
5. Каримова А.Д. Субъекты и объекты оперативно-розыскной деятельности в Республике Казахстан // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия юридическая. – №2 (82). – 2017. – С.105-112.
6. Юдаков К.И. О терминологии «результаты оперативно-розыскной деятельности» в Республике Казахстан и Российской Федерации // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. – № 2 (78). – 2018. – С.181-185;
7. Брамонтов Р.С. Перспективы законодательного регулирования оперативно-розыскной деятельности в Республике Казахстан // Вестник Института законодательства РК. – №1 (50). – 2018. – С.150-156.
8. Исиченко А.П. Оперативно-розыскная криминология: учеб. пособие / А.П. Исиченко. – М.: Инфра-М, 2001. – 70 с.
9. The Encyclopedia of Police Science / ed. Jack R. Greene. – 3rd ed. – New York: Routledge, 2007. – Vol. 1. A–I index. – 717 p.
10. The Encyclopedia of Police Science / ed. Jack R. Greene. – 3rd ed. – New York: Routledge, 2007. – Vol. 2. J–Z index. – 817 p.
11. Басецкий И.И. Сыскология в Беларуси и возможности креативного взаимодействия сыскологов стран ЕвразЭС / И.И. Басецкий // Оперативник (сыщик). – 2017. – № 1 (50). – С. 64–67.
12. Шумилов А.Ю. Оперативно-розыскная криминология: pro et contra / А.Ю. Шумилов, Б.А. Спасенников // Всероссийский криминологический журнал. – 2018. – Т.12, №1. – С. 43–50. – DOI: 10.17150/2500-4255.2018.12(1).43-50.
13. Борин Б.В., Ищук Я.Г. Понятие оперативно-розыскной профилактики преступлений // Проблемы в российском законодательстве. – №3. – 2017. – С.381-386.
14. Исаров О.Б. Понятие и сущность оперативно-розыскной профилактики преступлений // Научный портал МВД России. – №1. – 2008. – С.73-78.
15. См., например: Рабочая учебная программа (syllabus) «Оперативно-розыскная деятельность органов внутренних дел» (для факультета №3). – Алматы, 2021.
16. См.: <https://adilet.zan.kz/rus>
17. Об утверждении Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года // Указ Президента Республики Казахстан от 15 октября 2021 года № 674/ Электронный ресурс: <https://online.zakon.kz>. Дата обращения: 13.09.2021 г.

List of sources used:

1. Shaimukhanov A.D. Reflections on the concept and essence of modern operational-investigative legislation of the Republic of Kazakhstan // Bulletin of the Ural Institute of Economics, Management and Law. - 2009. - No.3. - pp. 23-26.
2. Tokalov T.B. Theoretical, legal, organizational and managerial problems of operational and investigative activities of the Department of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan in the

fight against crime: abstract of the dissertation of the Doctor of Law 12.00.09 - M., 2007. - 53 p.

3. Nurgaliev B.M., Lakbaev K.S., Kusainova A.K. Problems of the law-applied practice of covert investigative actions in Kazakhstan

//Bulletin of St. Petersburg University. Right. - Volume 10. Issue 3. - 2019.- pp.577-585; Lakbayev K.S., Rysmagambetova G.M., Galikhanov M.M. The implementation of operational-investigative legislation of the Republic of Kazakhstan in the field of protection of individual rights and freedoms / Gylym. - Science. -1 (68)- - 2021. - pp.117- 120.

4. Uspanov Zh.T. Improvement of legislation in the field of state regulation of operational investigative activities // Bulletin of the L.N. Gumilev ENU. Humanities Series. – №5 (108). – 2015. – Pp.513-518;

He is. Questions of moral and psychological preparation of employees of the Department of Internal Affairs engaged in operational investigative activities //Problems of legal understanding and law enforcement in the past, present and future of civilization: Collection of articles of the International Scientific and Practical Conference, Minsk, April 2, 2016: in 2 hours - Minsk: International. Un-t "MITSO", 2016. Part 2. - p.150 - 153;

5. Karimova A.D. Subjects and objects of operational investigative activity in the Republic of Kazakhstan //Bulletin of the Al-Farabi KazNU. The series is legal. – №2 (82). – 2017. – P.105-112.

6. Yudakov K.I. On the terminology "results of operational investigative activities" in the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation //Bulletin of the St. Petersburg University of the Ministry of Internal Affairs of Russia. – № 2 (78). – 2018. – Pp.181-185;

7. Bramontov R.S. Prospects of legislative regulation of operational investigative activity in the Republic of Kazakhstan //Bulletin of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan. – №1 (50). – 2018. – Pp.150-156.

8. Isichenko A.P. Operational investigative criminology: textbook. manual / A.P. Isichenko. - M.: Infra-M, 2001. - 70 p.

9. TheEncyclopediaofPoliceScience / ed. Jack R. Greene. – 3rd ed. –NewYork: Routledge, 2007. – Vol. 1. A–I index. –717 p.

10. TheEncyclopediaofPoliceScience / ed. Jack R. Greene. – 3rd ed. – NewYork: Routledge, 2007. – Vol. 2. J–Z index. – 817 p.

11. Basetsky I.I. Syskologiya in Belarus and the possibilities of creative interaction of detective scientists of the EurAsEC countries //I.I. Basetsky // Operative (detective). -2017. – № 1 (50). – Pp. 64-67.

12. Shumilov A.Yu. Operational investigative criminology: proetcontra / A. Shumilov, B. A. Spasennikov // Russian journal of criminology. – 2018. – Vol. 12, No. 1. – P. 43-50. – DOI: 10.17150/2500-4255.2018.12(1).43-50.

13. Borin B. V. Ishchuk J. G. the Concept of the investigative crime prevention // Gaps in the Russian legislation. - No.3.- 2017. - pp.381-386.

14. Isarov O.B. The concept and essence of operational investigative crime prevention // Scientific portal of the Ministry of Internal Affairs of Russia. - No. 1. - 2008. - pp.73-78.

15. See, for example: Working curriculum (syllabus) "Operational investigative activity of internal affairs agencies" (for Faculty No. 3). - Almaty, 2021.

16. See:<https://adilet.zan.kz/rus>

17. On the approval of the Concept of the legal policy of the Republic of Kazakhstan until 2030 // Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated October 15, 2021 No. 674/ Electronic resource: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39401807

Сведения об авторе

Рустемова Гаухар Рустембековна – доктор юридических наук, профессор, научный сотрудник НИЦ, заслуженный работник МВД РеспубликиКазахстан, почетный профессор Алматинской академии МВД имени Макана Есбулатова, полковник полиции в отставке.

Рустемова Гаухар Рустембекқызы – заң ғылымдарының докторы, профессор, ҒЗО ғылыми қызметкері, ҚР ПМ еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы ПМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының құрметті профессоры, отставкадағы полиция полковнигі.

Gaukhar Rustemova – Doctor of Law, Professor, Fellow at the Research Center, Honored worker of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, Honorary Professor of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs named after M. Esbulatov, retired police colonel.

А.Б. Джуматов¹, Ж.Р. Дильбарханова¹, П.А. Алмаганбетов²

¹Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы,
Алматы, Қазақстан

²«Қайнар» академиясы, Алматы, Қазақстан

АДАМ ӨЛТІРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАР БОЙЫНША ОҚИҒА БОЛҒАН ЖЕРДІ ҚАРАП-ТЕКСЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада адам өлтірумен байланысты қылмыстар бойынша оқиға болған жерді-қарап-тексерудің ерекшеліктері қарастырылады. Адам өлтірумен байланысты қылмыстар бойынша оқиға болған жерді-қарап-тексерудің маңызды тетіктері айқындалады. Үй-жайларда, ғимараттарда, дипломатиялық ғимараттарда, қызметтік, шаруашылық және басқа да үй-жайларда жасалған адам өлтіру қылмыстары бойынша қарап-тексерудің ерекшеліктері зерттеледі. Оқиға болған жерді қарап-тексерумен байланысты тергеу әрекеттерін жүргізу ерекшеліктері сипатталады. Қарастырылып отырған санаттағы қылмыстар бойынша техникалық-криминалистикалық құралдарды қолдану тәртібі нақтыланады. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысында тағайындалатын сараптамалар мен зерттеулермазмұндалады. Аталған санаттағы қылмыстар бойынша жүргізілетін сараптамалар мен зерттеулерге қойылатын маңызды сұрақтар тізбегі келтіріледі.

Түйінді сөздер: адам өлтіру, қылмыс, тергеу әрекеттері, оқиға болған жерді қарап-тексеру, сараптама, зерттеу, дәлелдеме.

Особенности осмотра места происшествия по преступлениям, связанным с убийством

В статье рассматриваются особенности осмотра места происшествия по преступлениям, связанным с убийством. Определяются механизмы осмотра места происшествия по преступлениям, связанным с убийством. Исследуются особенности осмотра по преступлениям об убийстве, совершенным в помещениях, зданиях, дипломатических зданиях, служебных, хозяйственных и других помещениях. Описываются особенности производства следственных действий, связанных с осмотром места происшествия. Рассматриваются порядок применения технико-криминалистических средств по преступлениям рассматриваемой категории. Рассматриваются экспертизы и исследования, назначаемые в расследований убийств. Приводится перечень основных вопросов, решаемых экспертами и исследованиями по преступлениям данной категории.

Ключевые слова: убийство, преступление, следственные действия, осмотр места происшествия, экспертиза, исследование, доказательства.

Peculiarities of inspection of the accident situation for crimes related to murder

The article discusses the features of the inspection of the scene of crimes related to murder. The mechanisms of inspection of the scene of the crime related to murder are determined. The features of examination of crimes of murder committed in premises, buildings, diplomatic buildings, office, business and other premises are investigated. The features of the production of investigative actions related to the inspection of the scene are described. The order of application of technical and forensic means for crimes of the considered category is considered. The examinations and investigations assigned in murder investigations are considered. A list of the main issues to be solved by examinations and research on crimes of this category is given.

Key words: murder, crime, investigative actions, inspection of the scene, examination, research, evidence.

Қылмыстылықпен күрестің қазіргі кездегі тәжірибесі үшін қылмыстың заттық жағдайынан криминалистикалық маңызды ақпараттарды алу маңызды міндет болып табылады. Бұл үрдісте шешуші рөлді оқиға болған жерді қарап-тексеру атқарады. Ұйымдасқан қылмыстық қызметтің таралуы және берген айғақтарынан бас тартуға мәжбүрлеу мақсатында қылмыскерлердің куәлар мен жәбірленушілерге заңсыз ықпал ету жағдайлары санының артуы шарттарында – аталған тергеу әрекеті нәтижесінде алынған дәлелдемелер өзектілік пен маңыздылыққа ие.

Тергеп-тексеру нәтижелері үшін шешуші ақпараттарды алу немесе керісінше, маңызды мәліметтерді жоғалту мүмкіндіктері оқиға болған жерді қарап-тексерумен тікелей байланысты. Тергеп-тексеру жүйесіндегі оқиға болған жерді қарап-тексеру ережелерінің жалпытеориялық және жеке мәселелері ғалым-криминалистермен кеңінен зерттелген.

Қылмыстарды тергеп-тексеру тәжірибесінде адам өлтіруді сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі оқиға болған жерді қарап-тексерудің және танылмаған мәйіттер бойынша адамның жеке-басын криминалистикалық анықтаудың теориялық, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері әлі де болса толыққанды зерттеуді талап етеді.

Сондықтан да, көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі оның жеткілікті деңгейде ғылыми зерттелмегендігімен және қылмыстарды ашу мен тергеп-тексеру үшін тәжірибелік маңыздылығымен негізделеді.

Адам өлтірумен байланысты қылмыстар бойынша оқиға болған жерді-қарап-тексеруде сот медицина саласындағы маман дәрігердің қатысуы міндетті болып табылады. Қарап-тексеруге кіріспес бұрын, оқиға орнындағы іздер мен заттай дәлелдемелерге басты назарды аудару қажет. Егер де жәбірленушіге қажет болған жағдайда жедел медициналық көмек көрсету бойынша шаралар қабылдануы тиіс.

Оқиға болған жерде адам мәйітінің табылуы мүмкін. Өлімнің бекіту үшін өлімнің бағдарлаушы және шынайы белгілері қолданылады [1].

Мәйіт анықталған жағдайда жалпы сипаттамалармен қатар, алдыменен оның орналасқан жері бекітілуі тиіс [2], одан кейін ғана мәйіттегі барлық жарақаттар (олардың сипаты мен орналасуы), өлгеннен кейінгі құбылыстар (дене температурасы, сіресулер, мәйіттік дақтар, шірумен байланысты өзгерістер), мәйіт денесіндегі әртүрлі ластанулар анықталады. Міндетті түрде алақандары жазылып қарап-тексеріледі, тырнақ асты қырындылары, аяқ киімдегі шаң мен ластанулар алынады. Әртүрлі ұсақ заттарды анықтау мақсатында қалталары, қыртыстары, бұгулері зерттеліп, мәйіттің киімі ұқыпты қарап-тексеріледі. Мәйіттегі жарақаттар мен оның киіміндегі зақымдардың сәйкестігіне ерекше мән берілуі тиіс.

Қарап-тексеру барысында микробөлшектердің сақталуы үшін қажетті шаралар қабылдау қажет, ол үшін мәйіттің киімдерін қақпай, сілкімей бұрын қолданылмаған жаңа полиэтиленді орамдамаларға салып, сараптамалар мен криминалистикалық зерттеулерді жүргізу орнына жеткізу керек.

Оқиға орнында адам өлтірудің ықтимал құралы табылған жағдайда оның мәйіт денесіндегі жарақаттармен сәйкестігі, қылмыс құралындағы қан іздерінің, қолсаусақ іздерінің және т.б. бар-жоқтығы анықталып, бекітіледі. Мәйітпен қатар, оның табылған орны (ғимарат, үй-жайлар, жергілікті жер және т.б.) және ол жердегі барлық заттар тиянақты зерттеледі [3]. Бұл жерде қылмыскермен қалдырылған іздерді, қылмыс құралын, қарсыласу іздерін, қылмыс дерегі мен мән-жайларын анықтау оқиға орнын қарап-тексерудің басты мақсаты болып табылады.

Атап айтатын болсақ, ғимараттардың, үй-жайлардың есіктері мен терезелерінің ішінен немесе сыртынан жабылғандығы, ғимаратқа күшпен кіру іздерінің бар-жоқтығы, бағалы заттардың бар-жоқтығы, ол заттардың орны мен сақталатын жері туралы қылмыскердің хабардар болу белгілері анықталып, бекітіледі.

Жасалған адам өлтіру қылмыстарымен байланысты үй-жайлар, ғимараттар, дипломатиялық ғимараттар, қызметтік, шаруашылық және басқа да үй-жайлар қарап-тексерудің арнайы объектілері болып табылады. Себебі, біріншіден, үй-жайларда,

ғимараттарда, дипломатиялық ғимараттарда, қызметтік, шаруашылық және басқа да үй-жайларда адам өлтіру қылмысына қатысы бар қылмыскерлердің іздеруі қалуы мүмкін. Екіншіден, жедел-тергеу тобы келгенге дейін үй-жайлардың, ғимараттардың, дипломатиялық ғимараттардың, қызметтік, шаруашылық және басқа да үй-жайлардың иелері, кей жағдайларда қылмыс оқиғасын алғаш анықтаған тұлғалар өздерінің іс-әрекеттері арқылы, яғни, өздерінің іздерін қалдыру арқылы немесе қылмыскерлердің іздерін абайсызда жою арқылы оқиға орнына өзгерістер енгізу мүмкін.

Мұндай қарап-тексерулерге әдетте тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық мекемелерінің, жергілікті атқарушы органның, әлеуметтік қызмет мекемелерінің, Сыртқы істер министрлігінің, дипломатиялық мекемелердің өкілдері, үй-жайлардың иелері және оларды жалдаушылар, материалды жауапты тұлғалар және қылмыс жасалған үй-жайдағы жұмысшылар қатыстырылады. Олардың қатыстырылуы бағалы заттардың қай жерде сақталғандығын, құрал-жабдықтардың, заттар мен мүліктердің қалай орналасқандығын, оқиға орнында қандай өзгерістердің орын алғандығын, қылмыскердің іс-әрекет іздерінің қай жерлерден табылуы мүмкін екендігін анықтауға септігін тигізеді.

Үй-жайларды, ғимараттарды, дипломатиялық ғимараттарды, қызметтік, шаруашылық және басқа да үй-жайларды қарап-тексеруде көршілес үй-жайлардың да аумағын аталған тергеу әрекетін жүргізу аумағына қосу қажет.

Оқиға болған жерге келетін тұлғалармен немесе кездейсоқ бөгде адамдармен қылмыс іздерінің жойылып кетуінің алдын алу үшін бірінші кезекте көршілес үй-жайлардың аумағына қарап-тексеруді жүргізу қажет.

Бұл аумақтар техникалық-криминалистикалық құралдардың көмегімен жан-жақты бекітілгеннен кейін, келесідей іздер мен басқа да объектілерді іздеу жүзеге асырылады:

- қылмыскердің аяқ іздері;
- сіріңке, темекі тұқылы сияқты басқа да іздер;
- қылмыс құралы болып табылуы мүмкін заттар;
- алдымен ұрланып, кейіннен қажетсіздігіне байланысты лақтырылып тасталған заттар, оның ішінде ұрланған заттарды салған орамдалар;
- егер де қылмыскер ұрланған киімдерді киген болса, онда оқиға орны маңайында қалдырылған қылмыскерге тиесілі болуы мүмкін киімдер [4].

Анықталған іздер мен заттар техникалық-криминалистикалық құралдардың көмегімен бекітіле отырып, олардың табылуы орны оқиға болған жерді қарап-тексерудің жоспар-кестесі мен хаттамасына енгізіледі. Одан кейін ғана алу жүзеге асырылады.

Үй-жайларды, ғимараттарды, дипломатиялық ғимараттарды, қызметтік, шаруашылық және басқа да үй-жайларды, сонымен қатар, табылған іздер мен заттарды қарап-тексеру нәтижелері бойынша қылмыскерлердің саны туралы, олардың үй-жайда болу уақыты туралы, үй-жаймен және бағалы заттардың орналасқан жерінен хабардар болуы туралы, қылмыскердің киімінде, аяқ киімінде, денесінде оқиға орнындағы заттар мен микробөлшектердің іздерінің анықталу мүмкіндігі туралы болжамдар жасауға болады.

Келтірілген жарақаттардың салдарынан қайтыс болған мәйіт табылған үй-жайларды, ғимараттарды, дипломатиялық ғимараттарды, қызметтік, шаруашылық және басқа да үй-жайларды қарап-тексеруде адам мәйітінің денесі қарап-тексерудің негізгі объектісі бола отырып, сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің қатысуымен маман-криминалиспен оқиға орнында зерттеледі.

Маман-криминалист басты назарды шығу тегі биологиялық объектілерді (қанның, сілекейдің және ұрықтың іздері, шаштар, тырнақ сынықтары және т.б.) іздеу мен оларды алуға аударады [5].

Мұндай іздер болуы мүмкін объектілерді қарап-тексеру барысында із қалдырылған объектіде 2-3 іздің қалуы мүмкін екендігін ескерген жөн, мысалы, бекіту мен алудың әртүрлі тәсілдерін талап ететін стақандағы қолсаусақтың, еріннің және иіс іздері. Мұндай із тасымалдаушы объектілерді барлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып алған дұрыс, ал ондағы іздері зертханалық шарттарда бекіткен жөн.

Егер де қарап-тексеру орнында адам өлтіру қылмысын жасаған қылмыскермен жәбірленушіге жарақат келтірілген пышақ, балта және т.б. заттар қалдырылған болса, онда олар фотосуретке түсірудің барлық ережелері сақтала отырып бекітіледі. Объект бірінші толығымен, кейіннен қолсаусақ іздері, шаштың талшықтары, қан іздері және т.б. бар бөліктері жеке-жеке фотосуретке түсіріледі.

Анықталған іздерді фотосуретке түсіріп, оқиға болған жерді қарап-тексерудің жоспар-кестесі мен хаттамасына енгізгеннен кейін, олар одан әрі қарай зертханалық шарттарда егжей-тегжейлі қарап-тексеріліп зерттелуі үшін қылмыстық-процестік заңнама талаптарына сәйкес алынады.

Қылмыскерлермен атыс қарулары қолданылып, олар оқиға орнында қалдырылған жағдайда келесідей іс-әрекеттер кешені жүзеге асырылады.

Атыс қаруы табылған оқиға орны техникалық-криминалистикалық ережелер сақтала отырып, арнайы масштабты сызықшалар қолданылып фотосуретке түсіріледі.

Фотосуретке түсіру ережелері бойынша атыс қаруы, қауыздар, жәбірленушінің (мәйіттің) киімі мен оның денесіндегі атыс қаруын қолданудың барлық іздері мен жарақаттар фотосуретке түсіріледі [6].

Одан әрі қарай атыс қаруы мен оны қолдану іздерін сипаттау жүргізіледі. Атыс қаруын сипаттау келесідей кезеңділікте жүзеге асырылады: түрі, жүйесі, моделі, жарықтың түсуіне қатысты ұңғы жолағының орналасуы, атыс қаруындағы маркировальық белгілеулер, соққы-ағытқыш механизмінің орналасуы.

Атыс қаруынан патрондар алынады немесе оқпанға соққыштың жолына кедергі қойылады. Атыс қаруын орамдау барысында ұңғы оқ шығатын шеті қағазбен немесе таза матамен оралады, одан кейін ғана арнайы орамдамаға салынады.

Ату іздері келесідей кешенді белгілері бойынша бекітіледі: жарақаттардың нысаны мен өлшемі, шеттерінің сипаты және бөгде заттардың болуы, күйе, толығымен өртенбеген ұнтақтар немесе қару майларының болуы, олардың сипаты, нысаны мен өлшемдері.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасында қауыздың материалы, түсі, нысаны, өлшемі мен басқа құрылымдық ерекшеліктері және оның түбіндегі маркировальық белгілеулері бекітіледі [7].

Егер де оқ үй-жайдың қабырғасында қалып қойға болса, онда қабырғаның бұл бөлігі техникалық-криминалистикалық ережелер бойынша фотосуретке түсіріледі және одан кейін ғана алу жүргізіледі. Атыс қаруының ұңғысынан қалған іздерді бүлдіріп алмау үшін қабырғадағы оқты қысқыштармен, пинцетпен, қысқашпен алуға болмайды. Егер де қабырға ағаштан жасалған болса, онда қабырғаның сол бөлігі ұқыпты кесіліп немесе шабылып алынады [8].

Маман-криминалист атыс қаруының, қауыздар мен оқтардың табылған жерлерін оқиға болған жерді қарап-тексерудің жоспар-кестесінде бекітеді. Есептік-кестелік жолмен атудың қай жерден жүзеге асырылғанын анықтауға мүмкіндік беретіндіктен оқтың жолындағы зақымдалған кедергілердің, кіру-шығу саңылауларының орнын анықтау ерекше маңызға ие.

Егер де оқиға орнында тек қауыз анықталған болса, онда маман-криминалист қарап-тексерудің нәтижелері бойынша келесідей белгілерді бекітеді: материалы, түсі, нысаны, өлшемдері (ұзындығы, қауыз түбінің ішкі және сыртқы диаметрлері); қауыздағы оқтың бекітілуі іздері; қауыз түбіндегі маркировальық белгілеулер; атыс қаруы іздерінің болуы, олардың орналасуы мен испаты; зақымдардың болуы, олардың орналасуы мен сипаты және т.б. іздер. Криминалистикалық анықтамалықтарға сәйкес бұл белгілер бойынша маман-криминалист қауыздың қандай патронға, атыс қаруына арналғандығы туралы тұжырым жасауына мүмкіндік береді. Бұл мәліметтер іздеу мақсаттарын қолданылатын болады.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру жасалған қылмыс оқиғасының орны, мән-жайы және белгілері туралы ақпараттарды алуға бағытталған көп қырлы тергеу әрекеті болып табылады, сонымен қатар қарап-тексеру барысында зерттеудің ғылыми әдістерінің бақылау, салыстыру, өлшеу, тәжірибе жүргізу және талдау сияқты тәсілдері қолданылады. Оқиға болған жерді қарап-тексеру тергеу әрекеттерінің ішіндегі ең маңыздысы бола отырып эксгумация,

айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау, тергеу эксперименті, тінту, алу, тану, үлгілерді алу тергеу әрекеттерін жүргізуге ұласуы мүмкін. Кез келген қылмыс оқиғасы бойынша оқиға орнына қарап-тексеруді жүргізусіз жоғарыда аталған тергеу әрекеттерін жүзеге асыру мүмкін емес, ал оқиға болған жерді қарап-тексеру кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеті болып табылатындықтан қылмыс оқиғасы орын алғаннан кейін көрсетілген тергеу әрекеттерінен бұрын жүргізіледі. Кей жағдайларда жекелеген заттар мен құжаттарға алу жүргізілуі мүмкін, бірақ бұл қарап-тексерудің басты міндеті болып табылмайды.

Оқиға болған жерді қарап-тексерумен байланысты тергеу әрекеттерін жүргізу ерекшеліктеріне қысқаша тоқталып өтетін болсақ.

Эксгумация – бұл мәйітті жерленген жерінен шығарып алу үрдісі. Адамның мәйітін қарап-тексеру, оның ішінде оны қосымша немесе қайталап қарап-тексеру; тану үшін көрсету; сараптама үшін үлгілер алу және сараптама жүргізу; іс үшін елеулі маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтау талап етілгенде, адамның мәйітін жерленген жерінен шығарып алу, яғни, эксгумация жүргізіледі.

Эксгумация барысында анықталған барлық объектілер қарап-тексеріледі және қылмыстық іске заттай дәлелдемелер ретінде тіркеледі [9]. Егер де анықталған объектілер өлшеміне немесе басқа да себептерге байланысты оларды қылмыстық іс бойынша сақтау мүмкін болмаса, онда аталған объектілер фотосуретке түсіріледі немесе бейнежазбаға жазылады.

Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау – айғақтардың анықтығын оларды болған оқиғаның жағдайымен салыстыру арқылы анықтау; тексерілетін әрекеттер жасалған маршрутты және орынды нақтылау; жаңа нақты деректерді анықтау мақсатында жүргізіледі.

Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың оқиға болған жерді қарап-тексеруден айырмашылығы қылмыс дерегінің сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліне тіркелгеннен кейін ғана жүргізіледі

Тергеуші оқиға болған жерді қарап-тексеруде версияларды ұсыну үшін қылмыс туралы ақпараттарды іздеумен шұғылданатын болса, айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылауда ол ұсынылған версияны нақтылау үшін айғақтары тексерілетін тұлғаның іс-әрекеттерін бақылап бағалайды [10].

Оқиға болған жерді қарап-тексеруде қатысушылардың басты назары қылмыстың материалды іздерін іздеумен байланысты, ал айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылауда негізгі жұмыс кемшіліктердің орнын толтыру үшін ақпараттарды сәйкестендіруден тұрады.

Тергеу эксперименті – іс үшін маңызы бар мәліметтерді зерттелетін оқиғаның белгілі бір іс-қимылдарын, жағдайын, мән-жайларын жаңғырту және тәжірибе жүргізу арқылы тексеру мен нақтылау мақсатында тергеп-тексерілетін қылмыс оқиғасына жақындастырылған шарттарда жүргізіледі. Эксперимент жүргізу кезінде, атап айтқанда, қандай да бір фактілерді қабылдау, белгілі бір іс-қимылдардың жасалу мүмкіндігі, қандай да бір оқиғаның басталуы тексерілуі, сондай-ақ болған оқиғаның реті және іздердің пайда болу тетігі анықталуы мүмкін.

Тергеу эксперименті арқылы куәдан, жәбірленушіден, күдіктіден, айыпталушыдан жауап алу нәтижелері, сонымен қатар оқиға болған жерді қарап-тексеру мен басқа да бергеу әрекеттерінің өндірісі барысында алынған мәліметтер тексеріліп, нақтыланады [11]. Әртүрлі қылмыстық істерге қатысты тергеу эксперименті тергеу версияларын тексеру үшін, дәлелдемелерді толықтыру үшін, тергеп-тексерілетін қылмысты жасауға септігін тигізген мән-жайларды анықтау үшін жүргізіледі. Осыған байланысты тергеу экспериментін кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттерінің қатарына жатқыза алмаймыз.

Тінту – бұл қылмыстық іс үшін маңызы бар заттарды немесе құжаттарды, тыйым салынуға жататын мүліктерді табу мақсатында үй-жайларды немесе тұлғаларды зерттеуден тұратын қылмыстық процестегі тергеу әрекеті.

Тінту жүргізуге көрсетілген заттардың немесе құжаттардың белгілі бір үй-жайда немесе өзге орында не нақты адамда болуы мүмкін деп пайымдауға жеткілікті деректердің болуы негіз болып табылады.

Тінту іздестіріліп жатқан адамды және адам мәйітін табу үшін жүргізілуі мүмкін. Тінту шынайылықты анықтауға септігін тигізеді. Оқиға болған жерді қарап-тексеру мен тінтудің айырмашылығы оларды жүргізу мақсаттарында.

Алу – бұл қылмыстық іс үшін маңызы бар заттар мен құжаттардың қай жерде және кімде екендігі белгілі болса заңмен қарастырылған негіздерде қылмыстық іс бойынша өндірісті жүзеге асырушы лауазымды тұлғамен алынатын тергеу әрекеті.

Егер де кең ауқымдағы заттай дәлелдерді қарап-тексеруге арнайы техникалық құралдар қажет болып табылатын болса, онда алынатын дәлелдемелер орамдалып, мөрленеді және кейіннен жеке қарап-тексеру хаттамасы толтырылып қарап-тексеріледі. Заттарды немесе құжаттарды, тыйым салынуға жататын мүліктерді тексерілуші тұлғаның өз еркімен беруі берілген объектілердің орналасқан жерін қарап-тексеруді жоққа шығармайды. Алынған заттай дәлелдемелер егжей-тегжейлі қарап-тексеріледі.

Тану үшін көрсету – сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға танушы тұлғамен объектіні теңдестіру немесе оның топтық қатыстылығын анықтау мақсатында қандай да болмасын объектіні куәға, жәбірленушіге, күдіктіге тануға ұсынудан тұратын тергеу әрекеті. Тану үшін мәйіт те көрсетілуі мүмкін. Мәйітті тану үшін ұсыну оның эксгумациясынан немесе қарап-тексерілуінен кейін жүргізіледі.

Танушы адамдардан тиісті адамды немесе нәрсені қандай жағдайда байқағаны туралы, қандай белгілері мен ерекшеліктеріне қарай тани алатыны туралы алдын ала жауап алынады.

Үлгілерді алу – сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші тұлғамен адамның шығу тегі биологиялық объектілерін және басқа да заттарды алу жүзеге асырылатын тергеу әрекеті.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші тұлға, тірі адамның, мәйіттің, жануардың, өсімдіктің, нәрсенің, материалдың немесе заттектің қасиеттерін көрсететін үлгілерді сараптамалық зерттеуде сарапшының алдына қойылған мәселелерді шешу үшін қажет болса, қан, шәует, шаш, тырнақ қиындыларын, дененің сыртқы тері қабаттарының микроскопиялық қырындыларын; сілекей, тер және басқа да шығындыларды; тері бедерінің ізі мен тістің қалыбын; қолжазба мәтін, бұйымдар, адамның дағдысын бейнелейтін басқа материалдарды; дауыс фонограммасын; материалдардың, заттектердің, шикізаттың, дайын өнімнің сынамаларын; қауыздардың, оқтардың, қарулар мен механизмдер іздерінің үлгілерін алуға құқылы.

Шығу тегі биологиялық объектілер, сонымен қатар, қолжазбаның психофизиологиялық ерекшеліктері мен кәсіби дағдыларды сипаттайтын объектілер, дауыс үлгілері тірі адамнан алынатын болса Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексінің 265-бабында көрсетілген тәртіп қолданылады [12]. Басқа да жағдайларда еркін және шартты-еркін үлгілерді алу үшін алу, қарап-тексеру немесе басқа да тергеу әрекеттері жүргізіледі.

Тергеуші қылмыс орнында, детектив немесе бақылаушы оқиға орнында медициналық сарапшыны тергелінетін өлім жағдайының түрі туралы хабардар етуі тиіс. Себебі, өлімнің себептері мен тәсілдерін анықтау көбінесе оқиға орнынан табылған дәлелдемелерге байланысты болады, оқиғаның мән-жайын бағалағаннан кейін сот-медициналық сарапшы оқиға орнына өзінің шығатындығы туралы немесе өзінің орнына сот тергеушілерін жіберу туралы шешім қабылдайды [13].

Адам өлтіру қылмыстарын тергеу барысында сот-медициналық сараптамалардың тағайындалуы шешуші мәнге ие болып табылады [14]. Сол себептен де қылмыстық-процестік заңнама бойынша адам өлтіру туралы қылмыстық істер бойынша мәйіттің сот-медициналық сараптамасы міндетті түрде тағайындалады [15]. Сот-медициналық сараптама өндірісін жүргізуді мәйітті қарап-тексеруге маман ретінде қатысқан сот-медициналық сарапшысын атап сырғандұрыс.

Сарапшының шешуіне көбінесе келесідей сұрақтар қойылады:

- өлімнің себебі қандай;
- өлімнің келу уақыты;
- мәйіт денесінде қандай жарақаттар бар, олардың сипаты, орналасуы мен пайда болу механизмі;

- жәбірленушіге жарақаттардың қайсысы тірі кезінде, қайсысы өлгеннен кейін келтірілген;

- жарақаттарды келтіру кезеңділігі қандай;

- жарақаттарды келтіру сәтінде жәбірленушіні қандай позада болды;

- мәйіт денесінде күресті немесе өзін өзі қорғауды көрсететін белгілер бар ма;

- жарақаттар салынғаннан кейін жәбірленушіге өлім бірден немесе біраз уақыттан кейін келді ме;

- өлгенге дейін жәбірленуші тамақтанды ма, алкоголь қабылдады ма, қанша уақыт бұрын, қандай тағамдар, қандай мөлшерде алкоголь қабылдады;

- қайтыс болған тұлға есірткі қабылдаған ба;

- жәбірленушінің қан тобы.

Егер де қайтыс болған тұлға әйел адам болса, онда оның жүктілік жағдайын анықтау туралы сұрақ қойылады.

Заттай дәлелдемелерге сот-медициналық сараптамасын тағайындау барысында келесідей сұрақтар қойылады: зерттеу ұсынылған объектілерде адамға тиесілі қан, сілекей, ұрық, зәр іздері бар ма, олардың түрі мен басқа да ерекшеліктері; іздердің пайда болу уақыты; зерттеуге ұсынылған объектілерде анықталған қан, сілекей, ұрық, зәр іздері, шаштар адамға тиесілі ме; олар әйел не ер адамға тиесіліме; олар белігі бір тұлғаға тиесілі ме және т.б.

Соңғы уақыттарда биологиялық бөлінділер (тері бөліктері және т.б.) мен сұйықтықтарда (қан, сілекей, тер, зәр) мазмұндалатын генетикалық ақпараттар негізінде нақты тұлғаны теңдестіру мүмкіндіктері пайда болды. Сарапшыға жеткілікті көлемдегі жақсы сақталған биологиялық материалдарды, сонымен қатар салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілерді ұсыну барысында генетикалық сараптамалар жүргізілуі мүмкін [16]. Мұндай сараптамалар арнайы құрал-жабдықтармен және материалдармен жабдықталған генетикалық зерттеулер зертханасында жүргізіледі.

Адам өлтірулерді тергеу-тексерудің бастапқы кезеңдерінде мәйіттің және заттай дәлелдемелердің сот-медициналық сараптамасынан басқа да криминалистикалық сараптамалар мен зерттеулер (трасологиялық, дактилоскопиялық, баллистикалық, суық қару және т.б.) тағайындалады. Әдетте мұндай сараптамалар күдікті белгісіз болған және оның жеке басы туралы, сонымен қатар, қылмыс құралы туралы қандай да болмасын мәліметтерді алу маңызды болған жағдайда тағайындалады. Атап өтетін болсақ, оқиға орнында табылған жәбірленушіге тиесілі емес аяқ киім іздерін зерттеу нәтижесінде оны қалдырған тұлғаның бойы мен дене бітімінің басқа да жекелеген ерекшеліктері туралы сұрақ шешіледі.

Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексерудің келесі сатыларына тән криминалистикалық сараптамалар қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- трасологиялық сараптамалар – қол, аяқ, аяқ киім, тіс іздері бойынша қылмыскердің жеке басын, бөліктері бойынша бүтінді, дөңгелек іздері бойынша көлік құралын және т.б. анықтау мақсатында жүргізіледі [17, 18];

- қолтаңбатану сараптамалары – жәбірленушіні қорқытып жазған немесе басқа да қолжазба мәтіндер бойынша күдіктіні анықтау мақсатында жүргізіледі [19];

- баллистикалық сараптамалар – ату жүзеге асырылған қаруды теңдестіру, атқан адамның орналасқан орнын және т.б. анықтау мақсатында жүргізіледі [20];

- суық қару сараптамасы – жәбірленушіге жарақат келтірген суық қарудың түрін, қандай тәсілмен дайындалғандығын анықтау мақсатында жүргізіледі [21].

Криминалистикалық емес сараптамалардан көп жағдайларда заттардың, материалдар мен бұйымдардың сараптамасы (микрообъектілерді зерттеу) жүргізіледі. Бұл сараптаманың көмегімен күдікті мен жәбірленушінің бір-бірімен жақын қарым-қатынаста болғандығы (мысалы, мәйіттің тырнақ астындағы микробөлшектерден мүмкінді қылмыскердің тері бөліктері табылуы мүмкін) немесе олардың біреуінің нақты бір жерде болғандығы (мысалы, жәбірленуші немесе күдікті киімдерінің микробөлшектері жиһаздарда немесе көлік орындықтарында табылуы мүмкін) анықталуы мүмкін. Кей жағдайларда мұндай

сараптамалар қылмыскердің дәлелдерін («алиби») жоққа шығаруға мүмкіндік беретіндіктен шешуші маңызға ие болады.

Жәбірленуші мен күдіктінің нақты бір жерде болғандығын анықтау мақсатында мәйіт денесіндегі, оның немесе күдіктінің киімі мен аяқ киіміндегі топырақ тектес іздерді зерттеу үшін сот-топырақтану сараптамасы, ал улау арқылы адам өлтірулерде заттардың, материалдар мен бұйымдардың сараптамасы тағайындалады.

Сонымен қатар, адам өлтірулер туралы барлық дерлік қылмыстық істер бойынша тергеп-тексерудің кезекті сатыларында айыпталушыға сот-психиатриялық сараптамасы тағайындалады. Бұл сараптама түрімен шешілуі үшін келесідей сұрақтар қойылады: қылмыс жасау кезінде айыпталушы психикалық ауруға шалдыққан ба; қазіргі уақытта айыпталушы психикалық ауруға ауырады ма; қылмыс жасау уақытында айыпталушы өз іс-әрекеттеріне жауап бере алмайтындай және оларды басқара алмайтындай уақытша психикалық ауытқу жағдайында болды ма; айыпталушы қарастырылып отырған іске қатысты ақыл-есі дұрыс па.

Жоғарыда аталғандардың негізінде келесідей тұжырымдар жасауға болады:

- оқиға болған жерді-қарап-тексеруде сот медицина саласындағы маман дәрігердің қатысуы міндетті болып табылады және қарап-тексеруді жүргізуші лауазымды тұлға аталған тергеу әрекетіне кіріспес бұрын, оқиға орнындағы іздер мен заттай дәлелдемелерге басты назарды аудару қажет, сонымен қатар жәбірленушіге қажет болған жағдайда оқиға орнында жедел медициналық көмек көрсету бойынша шаралар қабылдануы тиіс;

- үй-жайларды, ғимараттарды, дипломатиялық ғимараттарды, қызметтік, шаруашылық және басқа да үй-жайларды қарап-тексеруде қылмысқа қатысушылардың медициналық куәландырудан тез арада өтулерін қамтамасыз етіп, оқиға орнын және оған қатысты көршілес аумақтарды толығымен техникалық-криминалистикалық құралдарды пайдаланып бекіту қажет, қылмысқа қатысушылардың кейіннен өздерінің бастапқыда берген айғақтарынан бас тарту мүмкіндігін ескере отырып қарап-тексеру әрекеті басынан соңына дейін фото және бейнежазба арқылы бекітуі тиіс;

- үй-жайларды, ғимараттарды, дипломатиялық ғимараттарды, қызметтік, шаруашылық және басқа да үй-жайларды қарап-тексеруде оқиға орнында мәйіт, оның ішінде танылмаған мәйіт табылған жағдайда фотосуретке түсірумен және дактилоскопиялық іздер алынумен қатар, мәйіттен және оқиға орнынан анықталған барлық дәлелдемелер, яғни, қан, құсық, зәр, тер, сұйық бөлінділер, тырнақ кесінділері мен оның астындағы алынған қырындылар, сілекей, шаш, микроскопиялық қырындылар, тіс қалыбы, микробөлшектер, топырақ, ластанулар, шаң-тозаңдар, жәндіктердің және т.б. қалдықтары толығымен алынуы тиіс;

- оқиға орнында анықталған танылмаған мәйіттің жеке басын теңдестіруде криминалистикалық және криминалистикалық емес сараптамалардың мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет;

3. Витюк В. Становление идей гражданского общества и ее историческая эволюция Российская академия наук// Ин-т социологии, 1995.
4. Дилигенский Г. Социально-политическая психология. – М., Изд. Новая школа.1996
5. Дилигенский Г. Что мы знаем о демократии и гражданском обществе? // ProetContra. 1997. – Т.2. – № 4.
6. Григорьева Н., Яцукова И. Гражданское образование в России: история и современность. – М., Мир науки,2020.
7. Лифанова Т., Вережкин А. Гражданское общество и гражданское образование: концептуальные основания и анализ международных практик. Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. – №2 (47). – 2014.

8. Гражданское образование в Восточной Европе: актуальная ситуация и возможные прогнозы ГО Европа.pdf
9. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28.08.2021 г.)
10. Макинерни К. Гражданское образование. Практический справочник. – Бюро ПРООН по разработке стратегии развития. – Апрель 2004. – 118 с.

List of sources used

1. Open Estonia Foundation. Overview of the current state and direction of development of civic education.
2. Mikhailina O.A. Civic education as a problem of social philosophy: Abstract. diss. ... - Krasnoyarsk, 2004.
3. Vityuk V. Formation of ideas of civil society and its historical evolution Russian Academy of Sciences// Institute of Sociology, 1995.
4. Diligensky G. Socio-political Psychology. - M., Ed. New school.1996
5. Diligensky G. What do we know about democracy and civil society? // ProetContra. 1997. - Vol. 2. - No. 4.
6. Grigorieva N., Yatsukova I. Civil Education in Russia: History and Modernity, Moscow, Mir Nauki, 2020.
7. Lifanova T., Verevkin A. Civil society and civil education: Conceptual foundations and analysis of international practices. Bulletin of the Treasury. Philosophy series. Cultural Studies series. Political Science series. – №2 (47). – 2014.
8. Civic education in Eastern Europe: current situation and possible forecasts of GO Europe.pdf
9. Law of the Republic of Kazakhstan dated July 27, 2007 No. 319-III "On Education" (with amendments and additions as of 08/28/2021)
10. McInerney K. Civic education. Practical reference. - UNDP Bureau for Development Strategy Development. - April 2004. - 118 p.

Сведения об авторе

Никифорова Нина Владимировна – профессор Алматы Менеджмент университета, доктор экономических наук.

Хан Ирина Гурьевна – к.ф.н., ассоциированный профессор Алматы Менеджмент университета.

Смыкова Мадина Раисовна – ассоциированный профессор Алматы Менеджмент университета, кандидат экономических наук.

Никифорова Нина Владимировна – Алматы Менеджмент университетінің профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты.

Хан Ирина Гурьевна – Алматы Менеджмент Университетінің қауымдастырылған профессоры, Ph.D.

Смыкова Мадина Раисовна – Алматы Менеджмент Университетінің қауымдастырылған профессоры, Ph.D.

Nikiforova Nina Vladimirovna – Professor of Almaty Management University, Doctor of Economics. *Khan I.* – Almaty management university, Ph.D.

Khan Irina Guryevna - Ph.D., Associate Professor of Almaty Management University.

Smykova Madina Raisovna – Associate Professor of Almaty Management University, Candidate of Economic Sciences.

Қ.Н. Абугалиев¹

¹Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қарағанды, Қазақстан

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДА ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінде идеологиялық және тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Нұрлы жол», «Мәңгілік Ел» Жолдаулары және Ұлттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясат шеңберінде ұйымдастырылады және өткізіледі.

Ішкі істер органдарындағы идеологиялық жұмыстың қарастырылып отырған ерекшеліктері оның мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді, ол міндеттерді әзірлеу мен жоспарлауды, қабылданатын шешімдерді қамтамасыз етуді, олардың орындалуын бақылау мен тексеруді қамтиды.

Ішкі істер органдарында идеологиялық жұмысты одан әрі жетілдіру қажеттілігі адамдардың рухани қажеттілігінің өсуімен байланысты. Бұл өз кезегінде одан әрі байыту, идеологиялық жұмыстың мазмұнын өзектендіру, оның нысандары мен әдістерін қоғамның заманауи сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкес келтіру міндетін алға тартады. Мақалада автор аталған мәселелерге қатысты өзіндік тұжырымдарын алға тартады.

Түйінді сөздер: ішкі істер органдары, идеология, антиидеологизм, популизм, мультикультурализм, плюрализм, идеологиялық платформа, халықаралық қоғам.

Некоторые вопросы организации идеологической работы в органах внутренних дел

Идеологическая и воспитательная работа в Министерстве внутренних дел Республики Казахстан организуется и проводится в рамках Посланий Первого Президента Республики Казахстан «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», «Нұрлы жол», «Мәңгілік Ел» и государственной политики в сфере национальной безопасности.

Рассмотренные особенности идеологической работы в органах внутренних дел позволяют определить ее содержание, которое включает выработку задач и планирование, обеспечение принимаемых решений, контроль и проверку исполнения.

Необходимость дальнейшего совершенствования идеологической работы в органах внутренних дел обуславливается ростом духовных потребностей людей. Это в свою очередь выдвигает задачу дальнейшего обогащения, актуализации содержания идеологической работы, приведение ее форм и методов в соответствие с современными запросами и потребностями общества. В статье автор выдвигает свои выводы по данным вопросам.

Ключевые слова: органы внутренних дел, идеология, антиидеологизм, популизм, мультикультурализм, плюрализм, идеологическая платформа, Международное общество.

Some issues of the organization of ideological work in the internal affairs bodies

Ideological and educational work in the Ministry of internal Affairs of the Republic of Kazakhstan is organized and carried out within the framework of The messages of the First President of the Republic of Kazakhstan "Kazakhstan's way-2050: Common goal, common interests, common future", "Nurly Zhol", "Mangilik El" and state policy in the field of national security.

The considered features of ideological work in the internal Affairs bodies allow us to determine its content, which includes the development of tasks and planning, ensuring decisions made, monitoring and verifying execution.

The need for further improvement of ideological work in the internal Affairs bodies is caused by the growth of people's spiritual needs. This, in turn, puts forward the task of further enriching, updating the content of ideological work, bringing its forms and methods in line with modern requests and needs of society. In the article, the author puts forward his conclusions on these issues.

Keywords: internal Affairs agencies, ideology, anti-ideologism, populism, multiculturalism, pluralism, ideological platform, International society.

Кейінгі уақыттары ішкі істер органдарындағы идеология мәселесі – көкейкесті мәселелердің бірегейіне айналғаны ақиқат. Идеология жайында сөз қозғамас бұрын оның мән-мағынасына тоқталып өткен артық болмас.

Сонымен, идеология (грек. *idea* – түсінік, *logos* – оқу) – әлеуметтік топтардың, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың немесе жалпы қоғамның, мүдделері мен дүниетанымын қамтитын түсініктер, көзқарастар және идеялар (саяси, құқықтық, діни және философиялық) жүйесі. Идеология адамдарды ұйымдастырады, олардың дәлелдерін анықтайды. Белгілі бір құндылықтар жүйесін пайдалана отырып, жеке және жалпы сананы қалыптастырады, бақылайды, әлеуметтік қатынастардың бағыты мен сипатын анықтайтын бағдарламалар мен мақсаттарды бекітеді. «Идеология» ұғымын ғылыми айналымға француз философы А. Дестют де Траси («Идеология элементтер» (1801-1815жж.) енгізді [1]. Бірақ «идеология» деген сөздің кең тарауына себепкер болған адам – Наполеон Бонапарт. Ол либерал журналистерді, саясатшыларды «идеологтар» деп атап, оларды жаратылыстанумен айналысатын ғалымдарға және шынайы әрекет иесі белсенді адамдарға қарсы қойды. Француз императоры саяси сайқалдыққа тұрақсыз және алдамшы қоғамдық пікірге көп көңіл аударатын мемлекеттік қайраткерлерге жиіркенішпен келемеждеп қарайтын. Осы кезде қоғамның күнделікті өмірінен, алдында тұрған көкейтесті мәселелерді және мемлекеттің шынайы саясатына алшақ идеяларды қоштап таратушы адамдарды «идеологтар» деп атады.

Мемлекеттік идеология – ұлт субъектісі болып табылатын мемлекеттің идеялық көзқарастарының жүйеленген жиынтығы. Ұлт саяси қатынастардың басты субъектісі екені даусыз. Осы орайда, олар өздерін, өз мүдделерін қоршаған ортада нақтылы философиялық, экономикалық, саяси, құқықтық, этникалық және діни көзқарастарымен біте қайнасқан өздерінің саяси-әлеуметтік талпыныстары мен әрекеттерін сол ұстанымдары тұрғысынан түсіндіреді.

Идеология дегеннің өзіне келетін болсақ, бұл – адамдардың алға қойған мақсаттарына жетуде ерік-жігерлері мен бағыт-бағдарларының жұмылдырылуы, осы мақсатқа жету жолында қоғам мен адамның даму мақсаты туралы идеялардың, көзқарастардың, сезім мен сенімнің тоқайласқан жүйесі [2]. Бұл терминнің түсінігінен белгіленген нұсқаулықпен әрекетті жүзеге асыру керек деген мағына туады. Идеология қоғамдық құндылықтар жүйесін қалайды десе де болады. Сәл шегініс жасасақ, кеңес кезеңіндегі қоғамның дамуына өзінше үлес қосқан «халықтар достығы», «әлеуметтік әділеттілік» сияқты идеяларды мысал ете аламыз.

Идеология тақырыбында еуропалық зерттеушілер де қалам қозғаған. Солардың бірегейі К. Мангейм «идеологиялардың әртүрлі әлеуметтік топтардың ұстанымдарының ерекшеліктерімен шартталуы туралы идея әмбебап сипатқа ие болады. Ал функционалдық тұрғыдан идеология әлеуметтік білімді шектейтін құбылыс ретінде пайда болады» деген пікір айтады [3, 7 б.].

Мәселен, мысалы, Британдық зерттеуші М. Биллиг «идеологияның жоғалуы» идеологиялық жүйелердің «өлуімен» байланысты емес, олардың қалай қалыптасатыны, өзгеретіні және басқа символдық формалармен өзара әрекеттесуі туралы идеяларды қайта қарастырумен байланысты деп пайымдайды [4, 23-б.]. Дж. Балкиннің пікірінше, «идеологияның не екенін түсіну үшін, бізге ненің ақиқат екендігін ғана емес, сонымен бірге ненің әділетті екенін де туралы түсінік қажет» [5, 16-б.].

XX ғасырдың соңында Батыста тұрақты идеологиядан бас тартып, антиидеологизм, соның ішінде популизм тактикасын іске асыру белең алды. Осыдан барып, ортақ тұжырымдама ретінде мультикультурализм мен плюрализмді насихаттаушы постмодерн қоғамы қалыптаса бастады. Бұдан көрші Ресей мемлекеті де қалыс қала алмады, 1991-1993 жылдары шетелдік құқықтық мәдениеттің ауқымды таралуы отандық құндылықтардың толығымен ығысуына себеп болды [6, 39-б.]. Нәтижесінде қоғамда негізгі құндылықтар жайлы ұғымдар жоғала бастады. Бір сөзбен айтқанда қоғамдық сананың құлдырауы орын алды. Бұл қоғамдағы идеялық бөлінушілікке, әлеуметтік бірліктің ыдырауына, әртүрлі идеялық платформалар өкілдерінің теке-тіресіне әкеп соқтырды. Осынау келеңсіздік Қазақстанды да шарпымай кеткен жоқ.

Бұл жердегі қауіптенетін нәрсе – кез келген әлеуметтік, экономикалық, саяси бастамаларды қозғаушы күш қандай да бір материалдық фактор емес, идея түрінде жарық көрген ақпарат болмақ. Яғни ақпаратты абайсыз қолдану қаруды абайсыз қолданған сияқты, қоғамға өзіндік зардаптарын тигізетіні түсінікті жайт.

Идеологияны басқа қырынан алғанда, ол қоғамдық қатынастардағы құндылықтар жүйесін, адамгершілік бағыттарды, этика мен эстетиканы нақты анықтай отырып, өмірдегі қайырымдылық пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық сынды құбылыстардың ара жігін айқындай келе, қоғам дамуының мықты іргетасын қалап, оның даму векторын нұсқайды. Мемлекет үшін идеология – тірі ағзаға қажетті иммундық жүйе секілді. Ағзадағы иммунитет әлсіресе, атышулы короновирусты айтпағанда, болмашы инфекцияның өзі соншалықты қауіп төндіреді. Мемлекет те сол сынды. Қаншалықты күшті болғанымен, қоғамдағы идеологиялық негіздің кетеуі кетсе, оның құлауы тек уақыт еншісінде ғана болмақ.

Осы тұрғыда «ішкі істер органдары қызметінің негізінде қандай идея болуы керек» деген сауал осы саладағы кез келген қызметкерді ойландыратыны ақиқат. Әдетте, қызмет негізін құрайтын идеялар сол қызметтің негізгі бағыттарымен сәйкесіп жатады. Біздің жағдайымызда ол – жеке адамның құқығын қорғау, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, құқықтық тәртіпті қолдау, қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың жасалуына қарсы тұру, қылмыс жасаған кінәлінің қылмыстық жауаптылыққа тартылуын қамтамасыз ету және т.б.

Осы бағытта Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 30 сәуірдегі № 460 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Идеологиялық және тәрбие жұмысын жетілдіру жөніндегі жоспарының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Идеологиялық және тәрбие жұмысының тұжырымдамасы бекітілген болатын [7]. Бұл тұжырымдамадағы негізгі көтерілген мәселелер хақында алдағы уақыттарда тарқатып айтатын боламыз.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 21 мамырдағы № 355 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамымен тәрбие, әлеуметтік-құқықтық, психологиялық және идеологиялық жұмысты ұйымдастыру қағидалары бекітілген болатын. Бұл – Қарулы күштер жүйесінде идеологиялық жұмысты ұйымдастыру жөніндегі бірден-бір нормативтік құжат. Онда «идеологиялық жұмыс әскери қызметшілердің моральдық-психологиялық төзімділігін, олардың құрылымды бұзатын идеологияға төзбеушілігін, жеке құрамның Қазақстан Республикасын қорғау үшін қажетті моральдық-психологиялық қасиеттерін қалыптастыру және әскери қызметшілерді құрылымды бұзатын идеялардан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсатында ұйымдастырылады және жүргізіледі» дей келе, оның негізгі міндеттері санамаланып көрсетілген [8].

Дегенмен, даму барысында бұдан өзге белгілі бір идеологиялық платформа ретінде көрініс беретін «адамгершілік, әлеуметтік жауаптылық және әділеттілік, көмектесу және өзара жәрдемдесу, жағымды мүддені қорғау, жазаның қолданылмай қалмайтындығы, заңдылық, сенім, кәсіби қызметтік борыш, қайырымды іс» сияқты санаттарды жоққа шығара алмаймыз.

Байқап отырғанымыздай, қазіргі қоғамымызда идеологияға қатысты мәселелер бой көтеріп жатқанымен, ішкі істер органдары қызметкерлері ортасында қызметті идеялық тұрғыда негіздеу қажеттілігі өзекті болып тұрғандығы жасырын емес.

Сондықтан, тек полицияның ғана емес, жалпы ішкі істер органдары қызметінің идеологиялық негізін қалыптастыру бойынша жүйелі түрде мақсатқа лайық жұмыстар атқарылуы керек. Осы тұрғыда Беларусь Республикасы ішкі істер органдарының жұмыстарын мысалға алуға болады. Онда ішкі істер органдарындағы идеологиялық жұмыс – барлық деңгейдегі басшылардың, идеологиялық бөліністердің, ішкі істер органдарының идеологиялық қызметкерлерінің аталған органдарда идеология саласындағы Беларусь мемлекетінің саясатын іске асыру жөніндегі, сондай-ақ Беларусь Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді тиімді орындау мүддесінде Беларусь Республикасы халқының және халықаралық қоғам арасындағы мақсатты қызмет» деп айқын айтылған. Мұнда идеологиялық бөліністерге Беларусь Республикасы Ішкі істер министрлігі, Минск қалалық атқарушы комитетінің Ішкі істер бас басқармасы, облыстық атқарушы комитеттердің ішкі істер басқармалары орталық аппаратының және Орталыққа бағынатын құрылымдық бөліністер, олардың құзыретіне идеологиялық жұмысты ұйымдастыру мен жүргізу тікелей кіретін Ішкі істер басқармалары жатады. Ал идеологиялық жұмыстың субъектілері төмендегідей жіктеледі:

- Ішкі істер министрі;
- ішкі істер органдарының басшы құрамы;
- идеологиялық бөліністер (идеологиялық қызметкерлер);
- ішкі істер органдарының қоғамдық құрылымдары мен ұйымдары.

Идеологиялық жұмыс объектілері Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен азаматтық қызметкерлері, Беларусь Республикасының халқы және халықаралық қоғам болып табылады [9].

2021 жылғы 17 наурызда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты Е. Тұрғымбаевтың Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Идеологиялық жұмысы тұжырымдамасын және Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарында идеологиялық жұмысты ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы № 155 бұйрығы шықты. Нұсқау жеке құраммен идеологиялық және тәрбие жұмысын жетілдіруді, ақпараттық-насихаттау жұмысын жандандыруды, ішкі істер органдарының имиджін арттыруды көздейді. Нұсқау негізінен 10 бөлімнен тұрады.

1-бөлімде жалпы ережелер қарастырылған. Онда Нұсқаудың мақсаттарын іске асыру үшін төмендегідей терминдер мен олардың анықтамалары пайдаланылады:

– идеология – бұл қоғамның даму мақсаттары, осы мақсаттарға жетудегі құнды бағдарларға, сенімге және ерік-жігерге негізделген құралдар, оның жолдары туралы көзқарастар, идеялар, ұстанымдар жүйесі. Идеология қоғамдық құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

– ішкі істер органдарындағы идеологиялық жұмыс (бұдан әрі – идеологиялық жұмыс) – ПО идеологиялық бөліністерінің барлық деңгейдегі басшыларының, осы органдарда идеология саласындағы мемлекет саясатын іске асыру бойынша идеологиялық жұмыстармен тікелей айналысатын қызметкерлердің Қазақстан Республикасының халқы арасында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді тиімді орындау бағытындағы мақсатты қызметі;

– идеологиялық бөліністер – құзыретіне идеологиялық жұмысты ұйымдастыру мен жүргізу тікелей кіретін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ИМ) орталық аппаратының, полиция, қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің, мамандандырылған күзет қызметінің, ИМ ведомстволық оқу орындарының құрылымдық бөліністері;

– идеологиялық қызметкерлер – идеологиялық жұмысты жүргізу міндеттелген идеологиялық бөліністердің, ішкі істер органдарының өзге де құрылымдық бөліністерінің лауазымды адамдары.

Осы бөлімде сондай-ақ идеологиялық жұмыстың субъектілері мен объектілері көрсетілген. Ал, Идеологиялық жұмыстың негізгі мақсаттары айқын, яғни:

– қызметкерлердің жоғары кәсіби деңгейіне, моральдік рухына қол жеткізу және қолдау;

– Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық санасы мен мәдениетінің жоғары деңгейін қалыптастыру;

– Қазақстан Республикасы халқының елдегі қоғамдық тәртіпті нығайту және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мемлекет қабылдайтын шараларды саналы түрде түсінуін қалыптастыру.

Идеологиялық жұмыстың жағдайы үшін дербес жауаптылық ішкі істер органдарының бастықтарына жүктеледі.

2-бөлімде тәрбие жұмысы жайында айтылған. Ішкі істер органдарындағы тәрбие жұмысы – қызметтік міндеттерін саналы түрде орындауға дайын болатындай әрбір қызметкерге идеялық-адамгершілік тұлғаны қалыптастыру, дамыту және жетілдіру, қызметтік ұжымдарда мақсатты міндеттерді орындау үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында әрқайсысының санасына, дүниетанымына, ерік-жігеріне және сезімдеріне әсер ету жөніндегі шаралар мен іс-шаралар жүйесі. Тәрбие жұмысын барлық деңгейдегі басшылар қызметкерлердің барлық санаттарымен үздіксіз және сараланған түрде жүргізеді.

Ақпараттық-насихат жұмысы – бұл идеологиялық жұмыс субъектілерінің ішкі істер органдарында ұлттық мүдделерді қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүргізу жөніндегі мақсатты қызметі, ғылыми білімді дамыту және тарату, қызметкерлердің Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғауға саналы ұмтылысын қалыптастыру мақсатында саяси маңызы бар ақпаратты уақтылы жеткізу және түсіндіру. Бұл жайында 3-бөлімде баяндалған.

5-бөлім психологиялық жұмыстың ұйымдастырылуына арналса, 6- бөлімде әлеуметтік-құқықтық қызметтің ұйымдастырылуы егжей-тегжейлі айтылған. Әлеуметтік-мәдени қызметтің мақсаты үйлесімді дамыған, адамгершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеу, қызметкерлердің мәдени өзін-өзі жетілдіру және шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау болып табылады. Мұның негізгі міндеттері мен бағыттары туралы ақпарат 7-бөлімнен орын алған.

Бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникативтік қызметтің таразысы ауыр тартуда. Нұсқаудың 8-бөлімінде ол жайында былай делінген: ақпараттық-коммуникативтік қызмет төмендегідей мәселелерді қамтиды:

Қазақстан Республикасының халқын ішкі істер органдарының қызметі туралы хабардар ету;

мемлекеттік органдармен, БАҚ-пен, қоғамдық және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

халықты құқықтық мәдениетке тәрбиелеу, мемлекетте қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті нығайту жөнінде мемлекет қабылдайтын шараларды түсіндіру мақсатында теле және радио өнімдерді, ақпараттық (ақпараттық-жарнамалық) материалдар мен басылымдарды шығару;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің оң имиджін қалыптастыруға және беделін нығайтуға бағытталған ақпараттық-насихаттау науқанын, оның ішінде БАҚ-ты пайдалана отырып өткізу;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін, сондай-ақ іскерлік беделіне нұқсан келтірген БАҚ-тағы материалдарды теріске шығару арқылы қорғауды ұйымдастыру, кейіннен сотқа жүгіну;

ішкі істер органдарының қызметкерлерімен әлеуметтік желілердегі жеке парақшаларда қызметкерлердің (олардың отбасы мүшелерінің) жеке қауіпсіздігіне зиян келтіруге, жағымсыз қоғамдық резонанс тудыруға, ішкі істер органдарының беделіне нұқсан келтіруге қабілетті мәтіндік файлдарды, фото және бейнематериалдарды орналастыру, сондай-ақ

осындай материалдарды алып қою жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

ақпараттық-коммуникациялық салада пайда болатын қауіптер мен жағымсыз факторларға ақпараттық қарсы тұру.

9-бөлімде қарсы насихаттық қызметті ұйымдастыру мәселесі сараланған. Қарсы насихаттық қызметтің негізгі міндеттері:

қоғамдық қауіпсіздікке, ішкі істер органдарының қызметінде болуы мүмкін ақпараттық қатерлерді бейтараптандыру;

қауіпсіздікке қауіп төндіретін факторларды анықтау;

деструктивті идеология таратушылардың ішкі істер органдарына кіруіне, қызметкерлерді деструктивті бағыттағы қоғамдық бірлестіктерге тартуға жол бермеу;

қоғамда деструктивті идеологияның таралуына белсенді қарсы тұру.

Соңғы 10-бөлімде мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, «қазақстан ПО ардагерлері ұйымы және қазақстан республикасы ұлттық ұланы» қоғамдық бірлестігімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру жұмыстары жайлы бағыт-бағдар берілген [10].

Ұлт Көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың сөзімен айтатын болсақ, «біздің елімізде полиция қызметкерінің келбеті өзгеруі тиіс. Қызметкерлер азаматтардың, олардың сеніміне ие болуы керек. Қызмет бірінші кезекте халыққа көмек көрсетуге бағытталуы керек. Қазақстандық полицей бірдей тілектестік және жоғары кәсіби деңгейде мемлекеттік қызмет өкілдерімен жұмысшылармен және шығармашылық интеллигенциямен» диалог жүргізе білуге міндетті [11, 103-б.].

Түйіндей келгенде, бүгінгі таңда ішкі істер органдары қызметінде идеологиялық бағыттағы жұмыстың жүгі ауыр, берері мол. Демек, бүгінгі Қазақстан полициясы Президентіміз талап еткен үдеден шыға білуі керек, яғни халықпен, халықаралық қоғаммен етене араласа «бір мақсат, бір мүдде» қағидасын берік ұстанған жөн.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki>.
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki>.
3. Мангейм К. Идеология и утопия // Мангейм К. Диагноз нашего времени. М.: Юристъ, 1994. –260-б.
4. Billig M., Condor S., Edwards D. et al. Ideological dilemmas. A social psychology of everyday thinking. London, 1998. – 298 p.
5. Balkin J.M. Cultural Software. A Theory of Ideology. New Haven, 1998. P. 105.
6. Бабосов Е.М. Основы идеологии современного государства. Минск, 2004. – 253 б.
7. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 30 сәуірдегі № 460 бұйрығы.
8. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 21 мамырдағы № 355 бұйрығы.
9. Беларусь Республикасының Ішкі істер министрлігінің «Беларусь Республикасының Ішкі істер органдарында идеологиялық жұмысты ұйымдастыру туралы» 2018 жылғы 30 қарашадағы № 333 бұйрығы.
10. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 17 наурыздағы № 155 бұйрығы.
11. Токсанова М.Б., – Б.С. Пути реализации кадровой политики в органах внутренних дел // Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясының ғылыми еңбектері. – 2020. № 2 (63). – 148 б.

List of sources used

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki>.
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki>.
3. Mannheim K. ideology and Utopia // Mannheim K. diagnosis of our time. Moscow: jurist publ., 1994.-260-P.
4. Billig M., Condor S., Edwards D. et al. Ideological dilemmas. A social psychology of everyday thinking. London, 1998. – 298 p.
5. Balkin J.M. Cultural Software. A Theory of Ideology. New Haven, 1998. P. 105.

6. Babosov E. M. fundamentals of the ideology of the modern state. Minsk, 2004. - 253 P.
7. order of the minister of internal affairs of the Republic of Kazakhstan dated April 30, 2016 No. 460.
8. Order of the minister of Defense of the Republic of Kazakhstan dated May 21, 2019 No. 355.
9. order of the Ministry of internal affairs of the Republic of Belarus dated November 30, 2018 No. 333 "on the organization of ideological work in the Internal Affairs bodies of the Republic of Belarus".
10. order of the minister of internal affairs of the Republic of Kazakhstan dated March 17, 2021 No. 155.
11. Toksanova M. B., Sabirdinov B. S. Ways to implement personnel policy in internal affairs bodies / / scientific papers of the Almaty Academy of the Ministry of internal affairs of the Republic of Kazakhstan. – 2020. № 2 (63). - 148 P.

Автор туралы мәлімет

Абугалиев Қанат Нұртайұлы – Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Ғылыми-зерттеу институты ІІО тарихын зерттеу орталығының бастығы, ф.ғ.к., полиция подполковнигі

Абугалиев Канат Нуртаевич – начальник Центра по исследованию истории ОВД Научно исследовательского института Карагандинской академии имени Баримбека Бейсенова МВД Республики Казахстан, к.ф.н., подполковник полиции

Abugaliiev Kanat Nurtayevich – head Of the center for the study of the history of internal Affairs Of the research Institute of the Karaganda Academy named after Barimbek Beisenov Ministry of internal Affairs of the Republic of Kazakhstan candidate of philological Sciences, Lieutenant Colonel of the police Lieutenant Colonel of the police

**ШЕТЕЛДЕРДІҢ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ
ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ**

**ОПЫТ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН**

**EXPERIENCE IN LAW
ENFORCEMENT ACTIVITIES
IN FOREIGN COUNTRIES**

Ю.А. Иващенко¹

¹Федеральное казенное образовательное учреждение высшего образования
«Ростовский юридический институт Министерства внутренних дел
Российской Федерации», Россия

РОЛЬ И МЕСТО КОЛЛЕКТИВОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ОРГАНИЗАЦИИ СПОРТИВНО-МАССОВОЙ РАБОТЫ В СИСТЕМЕ МВД РОССИИ

В данной статье рассматривается проблематика совершенствования физической подготовки сотрудников полиции, спортивные коллективы сотрудников Министерства внутренних дел Российской Федерации, роль которых заключается в воздействии на осознание необходимости систематически заниматься физической культурой и спортом, что в итоге должно способствовать повышению профессиональной подготовленности сотрудников МВД России.

Приведены примеры коллективов физической культуры сотрудников МВД России, участвующих в различных командных соревнованиях по мини-футболу, соревнованиях по лыжным гонкам, самозащите без оружия, боевому самбо. Теоретически обоснована эффективность участия сотрудников полиции в спортивных коллективах с целью повышения уровня общефизической и служебно-прикладной подготовки, а также воспитания и развития необходимых для профессиональной деятельности морально-волевых качеств.

Ключевые слова: коллектив физической культуры, полиция, спорт, подготовка, соревнования.

Ұйымдағы дене шынықтыру ұжымдарының рөлі мен орны Ресей ІІМ жүйесіндегі спорттық-бұқаралық жұмыстар

Бұл мақалада полиция қызметкерлерінің, Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігі қызметкерлерінің спорттық топтарының дене шынықтыруды жетілдіру мәселелері қарастырылады, олардың рөлі дене шынықтыру мен спортпен жүйелі түрде айналысу қажеттілігін түсінуге әсер етеді, нәтижесінде Ресей ІІМ қызметкерлерінің кәсіби дайындығын арттыруға ықпал етуі керек.

Шағын футбол бойынша әртүрлі командалық жарыстарға, шаңғы жарыстарына, қарусыз өзін-өзі қорғауға, жауынгерлік самбоға қатысатын Ресей ІІМ қызметкерлерінің дене шынықтыру топтарының мысалдары келтірілген. Жалпы физикалық және қызметтік-қолданбалы дайындық деңгейін арттыру, сондай-ақ кәсіби қызмет үшін қажетті моральдық-ерік қасиеттерін тәрбиелеу және дамыту мақсатында полиция қызметкерлерінің спорт ұжымдарына қатысуының тиімділігі теориялық тұрғыдан негізделген.

Түйінді сөздер: дене шынықтыру ұжымы, полиция, спорт, дайындық, жарыс.

The role and place of the collectives of physical culture in the organization of sports and mass work in the system of the mia of Russia

This article examines the problems of improving the physical training of police officers, sports teams of employees of the Ministry of Internal Affairs of the Russian Federation, whose role is to influence the awareness of the need to systematically engage in physical culture and sports, which, as a result, should contribute to increasing the professional preparedness of employees of the Ministry of Internal Affairs of Russia.

Examples of physical culture collectives of employees of the Ministry of Internal Affairs of Russia participating in various team competitions in mini-football, cross-country skiing competitions, self-defense without weapons, combat sambo are given. The effectiveness of the participation of police officers in sports teams is theoretically substantiated in order to increase the level of general physical and service-applied training, as well as education and development of the moral and volitional qualities necessary for professional activity.

Key words: physical education team, police, sport, training, competition.

На сегодняшний день актуальной является проблема внедрения новых технологий при занятиях по общефизической и профессионально-прикладной физической подготовке. Приоритетное понимание сводится к тому, что она должна обеспечивать приобретение таких навыков, которые бы обеспечивали стабильно высокое состояние психофизиологических функций и готовность к профессиональной деятельности сотрудника полиции [2].

По мнению А.В. Алдошина и С.А. Моськина такая подготовка позволяет [1]:

- совершенствовать необходимые для сотрудника полиции физические качества;
- овладеть навыками самозащиты без оружия в условиях противодействия правонарушителей;
- повышать уверенность в своих силах;
- иметь навык пресечения действий с огнестрельным оружием.

Физическая подготовка сотрудников полиции является одним из основных направлений их профессиональной подготовки. Ее цель заключается в необходимости формирования общефизической и профессионально-прикладной подготовленности, а также психофизической устойчивости для обеспечения правопорядка и сохранения общественной безопасности.

В связи с увеличением объема задач и нагрузки, ложившейся на плечи сотрудников органов внутренних дел, а также с изменением характеристик преступности, хорошая физическая подготовка является жизненно необходимой для эффективной работы полиции.

Для преодоления этих проблем необходима комплексная и всесторонняя физическая подготовка и физическое воспитание сотрудников на базе МВД, где одной из форм физической подготовки сотрудников является создание коллективов физической культуры.

Само понятие коллектив физической культуры представляется следующим образом – это объединение, организованное на добровольной воле не менее 15 человек, которое участвует и организует спортивно-массовые и оздоровительные мероприятия.

Например, Общество «Динамо» сплачивает на своей базе коллективы физической культуры.

На базе Общества «Динамо» объединяются коллективы физической культуры органов внутренних дел, государственных гражданских служащих и работников федеральных органов государственной власти, государственных компаний и организаций, а также членов их семей и просто любителей физической культуры и спорта, которые добровольно вступили в Общество «Динамо».

Так, к примеру, 25 августа 2020 года на базе Академии Государственной противопожарной службы МЧС России состоялся товарищеский матч по мини-футболу среди сборных команд центральных аппаратов МВД России и МЧС России. В равной борьбе победу в серии пенальти (основное время 2:2) одержала сборная команда МВД России.

В спортивном комплексе Главного управления МВД России по г. Москве с 11 по 12 марта т.г. состоялись соревнования по самозащите без оружия в рамках Спартакиады среди коллективов физической культуры организации «Динамо» № 25 МВД России 2020 года, посвященной 75-й годовщине Победы в Великой Отечественной войне 1941 – 1945 гг.

На соревнования прибыл 181 сотрудник органов внутренних дел из 26 команд, представляющих подразделения центрального аппарата, научные и образовательные организации системы МВД России.

Спортивная сборная команда МВД России приняла участие в соревнованиях по лыжным гонкам в рамках Спартакиады динамовских организаций федеральных органов исполнительной власти Российской Федерации, которые прошли 26 февраля на лыжной базе стадиона «Зоркий».

В соревнованиях приняло участие 12 динамовских организаций общей численностью 158 человек.

В программу соревнований вошли забеги на дистанцию: 3 км – женщины и 5 км – мужчины, свободный стиль.

Для участия в чемпионате была сформирована спортивная сборная команда МВД России из числа 12 сотрудников.

В период с 19 по 24 января 2020 года в городе Санкт-Петербурге организованы и проведены лично-командные чемпионаты МВД России среди территориальных органов и образовательных организаций по самозащите без оружия и боевому самбо.

Для регистрации прибывших участников и определения их допуска на чемпионаты 19 января 2020 года организована комиссия по допуску, в ходе заседания которой 923 человека (65 судей, 78 представителей, 780 сотрудников и курсантов из 107 территориальных органов МВД России (из 45 команд по боевому самбо 270 сотрудников, из 62 команд по самозащите без оружия 387 сотрудников), из 16 ведомственных образовательных организаций 123 сотрудника) допущены к чемпионатам. Из них: ЗМС – 5 чел., МСМК – 40 чел., МС – 192 чел., КМС – 415 чел., первый спортивный разряд – 128 чел.

Ведомственные соревнования обслуживал качественный состав судейского корпуса, предоставленного Всероссийской федерацией самбо в количестве 65 спортивных судей (всероссийской категории – 35 чел., первой спортивной категории – 30 чел.) под руководством председателя коллегии судей федерации Р.М. Болотского.

Нельзя не поддержать мнение А.С. Дроздова, ведь в рамках решения проблемы повышения эффективности проведения занятий по физической подготовке, необходимо определять требуемый уровень развития профессионально-важных физических и психических качеств с учетом их взаимосвязи и с требованиями практики, а также учитывать аспект различных возрастных показателей физического состояния [3].

Приоритетным направлением в совершенствовании физической подготовки сотрудников органов внутренних дел является разработка тренировочного процесса при постановке модели реальной служебной деятельности на конкретном примере и при этом необходимость формирования общефизической и профессионально-прикладной подготовленности, а также психофизической устойчивости для обеспечения правопорядка и сохранения общественной безопасности в конкретных условиях [4].

Преодолеть вышеперечисленные проблемы и затруднения и выйти на качественно новый уровень организации физической подготовки поможет всесторонняя и комплексная организация воспитания и самовоспитания, а также организация коллективов физической культуры.

Таким образом, наибольшую силу и выдержку в осуществлении своей деятельности имеют те коллективы органов МВД России, которые работают совместно со спортивными федерациями и иными коллективами органов физической культуры, так как только при таком взаимодействии возможно проведение массовых мероприятий, в процессе участия в которых формируются необходимые физические и психические способности [5].

Список использованных источников

1. Алдошин А.В., Моськин С.А. Физическая культура как неотъемлемая часть профессиональной подготовки курсантов и учащихся учебных заведений МВД России // Актуальные проблемы физической культуры и спорта курсантов, студентов и студенты: сборник статей. Орел: ОрЮИ МВД России им. В. В. Лукьянова, 2016. – С. 11-14.
2. Вагин А.А. Спорт в жизни курсанта МВД // Студенческий: электрон. научн. журнал. 2018. №24(44). URL: <https://sibac.info/journal>. Дата обращения: 13.08.2021 г.
3. Дроздов А. С. Роль коллектива физической культуры территориальных органов МВД в совершенствовании физической подготовки сотрудников / А. С. Дроздов. - Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2019. – № 23 (261). – С. 591-594.
4. Моськин С. А. Роль физического воспитания курсантов образовательных организаций МВД России в системе профессионального обслуживания и физического воспитания // Актуальные проблемы физической культуры и спорта курсантов, студентов и студентов: сборник статей / ред.: С.Н. Баркалов [и другие]: ОрЮИ МВД России им. В. В. Лукьянова, 2016. – С. 90-92.
5. Спартакиада РФСО «ДИНАМО» 2020 года открыта. Электронный ресурс. Режим доступа: <https://mvdlnr.ru/>. Дата обращения: 10.08.2021 г.

List of sources used

1. Aldoshin A.V., Moskin S.A. Physical culture as an integral part of professional training of cadets and students of educational institutions of the Ministry of Internal Affairs of Russia // Actual problems of physical culture and sports of cadets, students and students: collection of articles. Orel: ORYUI of the Ministry of Internal Affairs of Russia named after V. V. Lukyanov, 2016. - pp. 11-14.
2. Vagin A.A. Sport in the life of a cadet of the Ministry of Internal Affairs//Student: electron.scientific. journal. 2018. №24(44). URL: <https://sibac.info/journal>. Date of application: 13.08.2021
3. Drozdov A. S. The role of the physical culture collective of the territorial bodies of the Ministry of Internal Affairs in improving the physical training of employees / A. S. Drozdov. - Text: direct // Young scientist. – 2019. – № 23 (261). – Pp. 591-594.
4. Moskin S. A. The role of physical education of cadets of educational organizations of the Ministry of Internal Affairs of Russia in the system of professional service and physical education // Actual problems of physical culture and sports of cadets, students and students: collection of articles / ed.: S.N. Barkalov [and others]: ORYUI of the Ministry of Internal Affairs of Russia named after V. V. Lukyanov, 2016. - pp. 90-92.
5. The Sports Contest of the RFSO "DYNAMO" in 2020 is open. Electronic resource. Pre-stop mode: <https://mvdlnr.ru/>. Date of application: 10.08.2021

Сведения об авторе

Иващенко Юрий Владимирович – преподаватель кафедры физической подготовки Федерального казенного образовательного учреждения высшего образования «Ростовский юридический институт Министерства внутренних дел Российской Федерации».

Иващенко Юрий Владимирович – «Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Ростов заң институты» Федералдық қазыналық жоғары білім беру мекемесінің дене шынықтыру даярлығы кафедрасының оқытушысы.

Ivaschenko Yuri Vladimirovich – Lecturer at the Department of Physical Training of the Federal State Educational Institution of Higher Education «Rostov Law Institute of the Ministry of Internal Affairs Russian Federation».

ЖАС МАМАНДАР СӨЗ АЛАДЫ

СЛОВО МОЛОДЫМ

A WORD TO THE YOUNG

М.Т. Бапанов¹, Т.Т. Бапанова¹

¹Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы,
Алматы, Қазақстан

² Алматы қаласы Заң колледжі, Алматы, Қазақстан

КЕҢІСТІКТЕГІ ҚЫЛЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАР БӘСЕКЕЛЕСТІГІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада қылмыстық-құқықтық нормалардың кеңістіктегі бәсекелестігі, яғни нормалар бәсекелестігінің территориалды түрін шешу жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, қылмыстық-құқықтық нормалар бәсекелестігінің «кеңістіктік» себептері әлеуметтік-экономикалық, саяси, мемлекеттік-құқықтық, халықаралық-құқықтық қатынастардың дамуына байланысты қажетті және сөзсіз болатын объективті нақты құбылыс екені айқындалады. Кеңістіктегі нормалар бәсекелестігінің пайда болуына әртүрлі мемлекеттердің іс-әрекет нормаларының территориалды шектердегі қылмыстық-құқықтық қатынастардың объективті «созылықлығы», тұлғаның әртүрлі мемлекеттік-құқықтық құрамында болуы және мемлекеттік шекаралардың өзгеруі әсер еткендігі көрсетіледі.

Мақаланың мақсаты Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы мен халықаралық құқықтық актілерде бекітілген нормалар арасындағы бәсекелестік шешу жолдарын саралау болып табылады.

Мақаланың тәжірибелік маңыздылығы қылмыстық заң шығарушылықты жетілдіру үшін талдаулар мен ұсыныстарды қолдану мүмкіндігінен тұрады. Зерттеу қорытындылары нормалар бәсекелестігін қолдануда құқық қолдану органдарының қызметін жетілдіру үшін, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының жетекші түсіндірмелерін дайындауда пайдаланылуы мүмкін.

Мақаланың әдістемелік негізін жүйелілік, логикалық-заңдық, тарихи және нақты-әлеуметтік сияқты жалпы ғылыми және арнайы білім әдістері құрайды.

Түйінді сөздер: нормалар бәсекелестігі, қылмыстық құқық бұзушылық, аумақтық принцип, азаматтық принцип, арнайы миссия принципі, дипломатиялық принцип, универсалды принцип.

Некоторые вопросы конкуренции уголовно-правовых норм в пространстве

В статье рассматриваются конкуренция норм в пространстве, то есть пути преодоления территориальной конкуренции. Также, определяется, что «пространственные» причины конкуренции уголовного права являются объективной реальностью, необходимой и неизбежной в связи с развитием социально-экономических, политических, государственно-правовых, международно-правовых отношений. В работе определяется то, что на возникновение конкуренции норм в пространстве влияет объективная «продолжительность» преступных отношений в территориальных границах норм действия разных государств, принадлежность лица к разным государственно-правовым составам и изменения государственных границ.

Целью статьи является анализ путей преодоления конкуренции уголовно-правовых норм, уставленными в уголовном законодательстве Республики Казахстан и международно-правовыми актами.

Практическая значимость статьи состоит в возможности использования выводов и предложений для совершенствования уголовного законодательства. Результаты исследования могут быть использованы при подготовке руководящих разъяснений Пленума Верховного Суда Республики Казахстан, для совершенствования деятельности правоприменительных органов при применении конкурирующих норм.

Методологическую основу статьи составляют общенаучные и специальные методы познания такие, как системный, логико-юридический, исторический и конкретно-социологический.

Ключевые слова: конкуренция норм, уголовное правонарушение, территориальный принцип, гражданский принцип, принцип специальной миссии, дипломатический принцип, универсальный принцип.

Some issues of competition of criminal law norms in space

The article devoted to the competition of norms in space, that is, ways to overcome territorial competition. Also, it is determined that the "spatial" reasons for the competition of criminal law are an objective reality, necessary and inevitable in connection with the development of socio-economic, political, state-legal, international legal relations. The work determines that the emergence of competition of norms in space is influenced by the objective "duration" of criminal relations within the territorial boundaries of the norms of action of different states, the belonging of a person to different state and legal structures and changes in state boundaries.

The purpose of the article is to analyze ways to overcome the competition of criminal law norms established in the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan and international legal acts.

The practical significance of the article lies in the possibility of using the conclusions and proposals to improve the criminal legislation. The research results can be used in the preparation of guidance clarifications of the Plenum of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan, to improve the activities of law enforcement agencies when applying competing norms.

The methodological basis of the article is formed by general scientific and special methods of cognition, such as systemic, logical-legal, historical and concrete-sociological.

Keywords: competition of norms, criminal offense, territorial principle, civil principle, special mission principle, diplomatic principle, universal principle.

Қылмыстық құқықта бір қарағанда бір және сол мәселе екі не одан да көп қылмыстық-құқықтық нормамен бір мезгілде реттелуі жиі кездесетін жағдай. Алайда бұл мәселе бір ғана нормамен белгіленуі керек. Мұндай жағдай тек қылмыстық құқық үшін ғана емес, басқа да құқық саларына тән сипат. Жалпы құқық ережелерінде мұндай құбылыстың кең таралуы себебінен, яғни бір қоғамдық қатынастың (бір мәселе) бір мезгілде екі не одан да көп құқықтық нормалармен реттелуі нормалар бәсекелестігі деп аталады. Нормалар бәсекелестігі бір және сол қатынасты арасында біреуінің ғана артықшылығы (басымдылығы) бар болып табылатын екі немесе бірнеше нормалармен басқаруды білдіреді.

Қарастырылып отырған қылмыстық құқықтық нормалар бәсекелестігінің пайда болуының себептерінің бірі де осы «кеңістіктік» сипаттағы себептер. Мұндай себептерге, біріншіден, әртүрлі мемлекеттердің іс-әрекет нормаларының территориялды шектердегі қылмыстық-құқықтық қатынастардың объективті «созылыңқылығы», мысалы, кісіні өлтіру үшін у беруді Ресейден бастайды, ол сосын Чехияда жалғасады, ал өлім Францияда келеді; екіншіден, тұлғаның әртүрлі мемлекеттік-құқықтық құрамында болуы, мысалы, итальяндық Ресейде қылмыс жасап, Италияда ұсталады; үшіншіден, мемлекеттік шекаралардың өзгеруі жатады.

Қылмыстық-құқықтық нормалар бәсекелестігінің «кеңістіктік» себептері әлеуметтік-экономикалық, саяси, мемлекеттік-құқықтық, халықаралық-құқықтық қатынастардың дамуына байланысты қажетті және сөзсіз болатын объективті нақты құбылыс болып табылады. Жоғарыда аталған объективті себептерден туындаған нормалар бәсекелестігі – кез-келген құқықтық салаға тән заңды құбылыс. Бұл бәсекелестік үшін көлемі немесе мазмұны, не кеңістікте әрекет етуі бойынша нормалар айырмашылығы біріктіруші бастама болып табылады. Мұндай нормалар бәсекелестігінің болуының басты міндеті - оны жеңудің тәсілдері мен әдістерін белгілеу болып табылады.

Бәсекелестікті жеңу тәсілдерін коллизиялық принциптер мен ережелер, коллизиялық нормалар және белгілі бір дәрежеде түсіндіру деп атауға болады.

Қылмыстық құқық теориясында нормалар бәсекелестігінің мазмұны және сипаты бойынша, мағыналы, темпоралды, кеңістікті және иерархиялы болып бөлінеді. Осы аталған

түрлердің ішінде қазіргі таңда нормалар бәсекелестігі мәселелерінің шекараларының «бұзылуы» аса өзекті болып табылады. Кеңістіктік коллизиялық норма әрекет етуінің әртүрлі кеңістіктік шеңбері бар қылмыстық-құқықтық нормалар бәсекелестігінің ішінен басым бәсекелестікті анықтайды. Бұл жерде, екі және одан да көп мемлекеттің қылмыстық юрисдикциясының қақтығысы туралы әңгіме болып отыр. Осы тұста жасалынған қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше мемлекет заңнамаларының нормаларымен қамтылған жағдайда нормалар бәсекелестігі қалай шешіледі деген сұрақ туындайды. Кеңістіктік коллизиялық принцип: іс-әрекеттің қылмыстылығы және жазаланушылығы, сол қылмыс жасалған аймақтағы мемлекет заңымен белгіленеді. Нормалардың бәсекелестігін шешу мағыналы коллизиялық нормаларға сәйкес жүзеге асырылуы керек. Мұндай болмаған жағдайда Қылмыстық кодексте нормалар бәсекелестігін жеңуді жалпы коллизиялық принциптер мен ережелерге сәйкес шешу қажет [1, 102 б.]. Ал, американдық қылмыстық құқық бойынша қылмыстарды саралау барысындағы нормалар бәсекелестігі бір норма екінші нормаға қосылу (жұтып қою) арқылы шешіледі (Merger doctrine) [2, 108 б.]. Кеңістіктегі нормалар бәсекелестігі қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу орнының белгісі бойынша шешіледі. Бұл нормалар бәсекелестігінің түрі кеңістіктік немесе территориалды деп аталады. Мұндай жағдайда Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес басымдылыққа халықаралық-құқықтық актілер ие болады. Демек, мемлекеттік-құқықтық ретінде шартты белгіленген белгісі бойынша Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің нормаларының кеңістіктік бәсекелестігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық-құқықтық және халықаралық-құқықтық нормалар бәсекелестігін ажыратуға болады.

Нормалар бәсекелестігінің бұл түрінің негізгі ережелері аумақтық, дипломатиялық иммунитет, арнайы миссия, азаматтық, нақты және универсалды принциптерімен анықталады.

Аумақтық принцип кезінде қылмыстық құқық бұзушылықты шет ел азаматы жасаған жағдайда заңның кеңістіктегі әрекетінен екі қылмыстық заңнама нормаларының бәсекелестігі туындайды: қылмыстық құқық бұзушылық жасалған аймақтың, Қазақстан Республикасының заңнамасының нормалары, және резиденті шет ел азаматы болып табылатын мемлекеттің заңнамасының нормалары. Бұл нормалардың бәсекелестігі қабылданған халықаралық-құқықтық нормаларға және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 7-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық жасалған орынның заңының есебіне шешіледі. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 7-бабының 1-бөлігінде былай жазылған: «Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам осы Кодекс бойынша жауаптылыққа жатады» [3]. Бұл жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның мемлекеттің құрамында болуының маңызы жоқ. Басымдылық аумақтық принципке немесе бұрын «жер принципі» деп аталған, қылмыстық құқық бұзушылық жасалу орнының принципіне беріледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының аумағында басталған немесе жалғастырылған не аяқталған іс-әрекет Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің күші Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында және айрықша экономикалық аймағында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарға да қолданылады. Қазақстан Республикасының портына тіркелген және Қазақстан Республикасының шегінен тыс ашық су немесе әуе кеңістігінде жүрген кемеде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатады. Қазақстан Республикасының әскери кораблінде немесе әскери әуе кемесінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам да, өзінің қай жерде болғанына қарамастан, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша қылмыстық жауаптылықта болады [3].

Осы тұста айта кету керек, Қазақстан Республикасының аумағына құрлық және сулар, соның ішінде аймақтық, мемлекеттік шекара аясындағы жер қойнауы мен су астындағы

байлықтар, әуе кеңістіктері жатады. Демек, Қазақстан Республикасының су, әуе кеңістіктерінде орын алған қылмыстық құқық бұзушылық жөніндегі нормалар бәсекелестігінің шешімі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 7-бабы 3-бөлігінде көзделген: «Қазақстан Республикасының портына тіркелген және Қазақстан Республикасының шегінен тыс ашық су немесе әуе кеңістігінде жүрген кемеде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатады. Қазақстан Республикасының әскери кораблінде немесе әскери әуе кемесінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам да, өзінің қай жерде болғанына қарамастан, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауаптылықта болады.»

Кеңістіктегі қылмыстық заңнаманың ықпал етуінің аумақтық принципі немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасалу орнының принципі қылмыстық құқық бұзушылық жасалу орнының заңын қолдануды анықтайды. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын талдай келе, қылмыстық құқық бұзушылықтың орны деп қоғамдық қауіпті іс-әрекеттің (әрекетсіздіктің) орындалатын, аяқталатын, үзілетін орындарын да тану керек деп пайымдауға болады. Бұл пайымдау, формальды, кесілген және материалды құрамдармен; ұзаққа созылмалы, жалғаспалы, аяқталған және аяқталмаған қылмыстардың барлық түрлеріне тиісті. Мұндай норма Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 7-бабының 2- бөлігінен көрініс табады: «Қазақстан Республикасының аумағында басталған немесе жалғастырылған не аяқталған іс-әрекет Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады. Осы Кодекстің күші Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында және айрықша экономикалық аймағында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарға да қолданылады».

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 7-бабының 4-бөлігіне сәйкес, дипломатиялық иммунитетін пайдаланатын адамдардың жауаптылығы туралы мәселе халықаралық құқық нормасының есебіне шешілген. 1961 жылға Вена конвенциясының 31-бабының 1- тармағына сәйкес, дипломатиялық иммунитетті пайдаланушы адамдар келген жерінің заңы бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатпайды деп бекітілген. Әдетте, мұндай адамдар жағымсыз адам деп жарияланады және мемлекеттен кетуге міндетті. Дегенмен, халықаралық құқық нормаларымен, аккредиттеуші мемлекет дипломатиялық иммунитеттен бас тарта алады деп көзделген. Мұндай жағдайда кінәлі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған орны бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады [4].

Кеңістікте қылмыстық заңның ықпалын анықтайтын үшінші принцип – азаматтық принцип. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 8-бабының 1 және 2-бөліктеріне сәйкес, Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер олар жасаған іс-әрекет аумағында сол іс-әрекет жасалған мемлекетте қылмыстық жазаланады деп танылса және егер осы адамдар басқа мемлекетте сотталмаған болса, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатады. Аталған адамдарды соттаған кезде жазаны аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасалған мемлекеттің заңында көзделген санкцияның жоғары шегінен асыруға болмайды. Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке беруге болмайтын жағдайларда, олар да осы негіздерде жауаптылықта болады. Соынмен қатар, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің ережелері, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше белгіленбесе, террористік немесе экстремистік қылмыс не бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасалған жағдайларда, не Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін қылмыстың жасалған жеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылады. Адамның басқа мемлекеттің аумағында сотталғандығының және қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасауының өзге де

қылмыстық-құқықтық салдарының, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе немесе егер басқа мемлекеттің аумағында жасалған қылмыстық жазаланатын іс-әрекет Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғамаса, осы адамның Қазақстан Республикасының аумағында жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін қылмыстық жауаптылығы туралы мәселені шешу үшін қылмыстық-құқықтық мәні болмайды.

Мысалы, Қазақстан Республикасының азаматы Грузия елінде демалыс барысында ұрлық жасады. Алайда, оның жеке басын анықтаған кезде, ол Қазақстанда болды. Грузия елінде ол жауаптылыққа тартылмағандықтан, оны Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша жауаптылыққа тарту керек. Сонымен бірге, жауаптылыққа тарту барысында белгіленген жаза Грузия елінде сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін бекітілген жазаның жоғарғы санкциясынан асуға болмайды.

Арнайы миссия принципі әскери қызметшілерге қатысты қолданылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 8-бабының 3-бөлігіне сәйкес, «Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде орналасқан оның әскери бөлімдерінің әскери қызметшілері шет мемлекеттің аумағында жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауаптылықта болады» [3]. Демек, арнайы миссия принципі мен аумақтық принцип бәсекелестігінде басымдық арнайы миссия принципіне беріледі.

Әдетте, қорғаушылық принципіндегі әрекет шетел мемлекетінің келісімі бойынша оның аумағына әскерлерді кіргізу жағдайында жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 8-бабының 3-бөлігінде көрсетілгендей, қорғаушылық принципі жөніндегі норма өзінің Қазақстанмен қол қойылған халықаралық-құқықтық нормалармен бәсекелестігі жағдайында қолданылмайды, яғни халықаралық нормалармен көзделген ережелер қолданылады. Әскери қызметшілердің қылмыстық құқық бұзушылықтары халықаралық нормамен екі санатқа бөлінеді:

- әскери қызметті атқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар;
- жалпы қылмыстық сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар (адам өлтіру, зорлау, жол-көлік қылмыстары және т.б.).

Арнайы миссия принциптері бірінші топтағы қылмыстарға, ал келу орны бойынша мемлекеттің аумақтық принципі екінші топтағы қылмыстарға таралады. Арнайы миссия принципі әскери бөлімнің аумағында жасалған жалпы қылмыстық сипаттағы қылмыстарға таралады. Сонымен бірге кінәлі және жәбірленуші әскери қызметшілер болып табылады.

Мысалы, Қазақстан Республикасының азаматы Ресей Федерациясының аумағында алдын ала сөз байласуы арқылы әскери бөлімшенің қоймасынан қару және оқ-дәрілерді ұрлады, қарақшылық шабуыл жасау арқылы әскери бөлімшеден қаруды және оқ-дәріні ұрлады, бандыға және оның жасаған шабуылдарына қатысты, қаруды, оқ-дәрілерді заңсыз сатып алды, сақтады, алып жүрді және өткізді. Аталмыш мысалда, аумақтық және арнайы миссия принциптері бәсекеге түсіп отыр. Жоғарыда аталып өткендей, мұндай бәсекелестік Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 8-бабының 3-бөлігіне сәйкес арнайы миссия принципінің пайдасына шешіледі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 8-бабының 4-бөлігімен анықталған нақты принцип аумақтық принцип пен азаматтық принципті толықтырады, себебі, ол шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың қылмыстылығы мен жауаптылығын айқындап көрсетеді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 8-бабының 4-бөлігіне сәйкес, «Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде қылмыс жасаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрмайтын шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, егер осы іс-әрекет Қазақстан Республикасының мүдделеріне қарсы бағытталған жағдайларда және Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген жағдайларда, егер олар басқа мемлекетте сотталмаған болса және Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық жауаптылыққа тартылатын болса, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатады» [3]. Яғни, нақты принцип

пен аумақтық және азаматтық принцип бәсекелестікке түскен жағдайда, басымдылық нақты принципке беріледі.

Нақты принципті қорғау немесе қауіпсіздік принципі деп те атаса болады, себебі, аталмыш принциптің әрекеті мемлекеттің қауіпсіздігіне қатысты саяси қылмыстық құқық бұзушылықтарға бағытталған.

Кеңістіктегі нормалар бәсекелестігінің келесі принципі – универсалды принцип. Аталмыш принцип басқа принциптерден басым болып табылады, себебі, универсалды принципке сәйкес аса қауіпті халықаралық қылмыстар мен халықаралық сипаттағы қылмыстардың қылмыстылығы мен жазалануы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның азаматтығы мен орнына қарамастан ұлттық заңнама бойынша бекітіледі.

Қылмыстық құқық теориясында мұндай халықаралық қылмыс түрлерін келесідей топтарға жіктеп, көрсетеді:

1) халықаралық қылмыстар: геноцид, апартеид, агрессиялық соғыс және сол сияқтылар;

2) халықаралық сипаттағы қылмыстар: құл иеленушілік пен құл саудасы, лаңкестік, есірткі саудасы және т.б.;

3) трансұлттық ұйымдасқан қылмыстар: адам саудасы, жезөкшелікті эксплуатациялау, адам ағзаларын алу, мигранттарды заңсыз әкелу және т.б. [5].

Жоғарыда айтылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бірқатар халықаралық - құқықтық актілермен анықталған: 1923 жылы 12 қыркүйекте қабылданған Порнографиялық басылымдардың айналымы мен саудасының жолын кесу туралы халықаралық конвенция, 1929 жылы 20 сәуірде қабылданған жалған ақша жасаумен күресу туралы халықаралық конвенциясы, 1949 жылы 2 желтоқсанда қабылданған Адам саудасымен және үшінші тұлғалармен жезөкшелікті эксплуатациялаумен күрес туралы конвенция, 1988 жылы 20 желтоқсанда қабылданған Есірткі құралдары және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ Конвенциясы және т.б.

Универсалды принциптің аумақтық немесе азаматтық принциптермен бәсекелестігі кезінде универсалды принцип қолданылады. Бұл ереже адамды жасаған қылмысы үшін қылмыстық қудалаушылық үш мемлекеттің қылмыстық-құқықтық нормаларымен жүзеге асырылатынын білдіреді:

а) қылмыстың жасалған орны;

ә) адам азаматы болып табылатын;

б) адам қылмыстық жауаптылыққа тартылатын жер.

Бұл жағдайда басымдылық адам жауаптылыққа тартылатын мемлекеттің нормасына тиесілі болады.

Демек, универсалды принцип пен заңның кеңістікте әсер етуінің басқа да принциптерімен бәсекелестігі кезінде басымдылық біріншісіне беріледі, ал универсалды принциптің қылмыскерді беру институтымен бәсекелестігі кезінде басымдылық соңғысына тән.

Қылмыскерді беру институты адам қылмыс жасаған аумақтағы мемлекеттің, қылмыскер азаматы болып табылатын мемлекеттің немесе қылмыс жасалған аумақтың сұрауы бойынша беруден тұрады. Бұл институт жайында экстрадиция мен берудің процедураларын ажырату мәселелерін қарастыратын Берт Сварттың берген анықтамасына сәйкес терминологиялық мәселелер мәні бойынша осы мәселені шешудің жасырын нысаны болып табылады [6].

Қылмыскерді беру институтын реттеу қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін немесе үкімді орындау үшін олардың аумағында отырған адамның талабы бойынша жақтардың бір-біріне беру міндеттері қарастырылатын, Қазақстан Республикасының екі жақты немесе көпжақты келісімдерінің негізінде жүзеге асырылады.

Мысалы, егер Белорусияда есірткі сатқан Украина азаматы Қазақстанның аумағында ұсталса, онда универсалды принципке сәйкес Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жатады. Дегенмен, Украина мен

Беларусия жақтарынан қылмыскерді беру туралы сұраныс бір мезгілде түскен жағдайда, қай сұранысқа басымдылық беруді Қазақстан Республикасы қылмыстық-құқықтық нормалар бәсекелестігін шешуді дұрыс саралай отырып, аумақтық принциптің азаматтық принциптен басымдылығын ескере отырып, есірткі сатушыны Беларусьқа беруі керек.

Сонымен, универсалды принцип пен қылмыскерді, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды беру институтының бәсекелестігі соңғысының есебіне шешіледі.

Шетелде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының территориясында жүрген Қазақстан азаматының жауаптылығы басқаша анықталады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасалған мемлекеттің талабы бойынша өздерінің азаматтары берілмейтіндігі халықаралық-құқықтық нормалармен қарастырылады. Сонымен, 1988 жылы 20 желтоқсанда қабылданған Есірткі құралдары және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ Конвенциясының нормаларына сәйкес, қылмыс жасаған өздерінің адамдары басқа мемлекеттің талабы бойынша берілмейді [7].

Демек, аумақтық принцип пен қылмыскерлерді бермеу принциптерінің бәсекелестігі кезінде басымдылық соңғысына беріледі. Мұндай норма Қазақстан Республикасы Конституциясының 11-бабының 1- бөлігінде орын алған: «Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды» [8]. Соныме қатар, бұл норма Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 9- бабының 1- бөлігінен де көрініс табады: «Басқа мемлекеттің аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше белгіленбесе, ұстап беруге жатпайды» [3]. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға келетін болсақ, онда Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін. Ешкімді де шет мемлекетке, егер сол мемлекетте оған азаптау, зорлық-зомбылық, басқа да қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсету немесе жазалау қатері бар деп пайымдауға айтарлықтай негіздер болса, сондай-ақ өлім жазасын қолдану қаупі жағдайында, егер Қазақстан Республикасының шарттарында өзгеше көзделмесе, ұстап беруге болмайды.

Мысалы, Ресей Федерациясының азаматы Қазақстан Республикасының аумағында жол-көлік оқиғасын жасап, нәтижесінде бірнеше адам өлімі болды. Егер бұл қылмыс үшін Ресей Федерациясының жазасы Қазақстан Республикасымен тағайындалатын жаза түрінен ауыр болса, онда Қазақстан Республикасы Ресей Федерациясының қылмыскерді беру сұранысына Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 9-бабының 3-бөлігіне сәйкес теріс жауап бере алады.

Қорыта келе, қылмыстық-құқықтық нормалардың кеңістіктікте бәсекелестігін шешуде халықаралық нормалардың ұлттық нормаларға қарағанда басымдылыққа ие екендігі мен сәйкес иерархиялық коллизиялық принциптің маңызы зор екенін атап өтсек болады. Бұл принцип халықаралық құқықтың жалпы нормаларының Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Жалпы бөлімінің нормаларымен бәсекелестігінде үлкен күшке ие. Айта кетерлік жайт, кеңістіктегі қылмыстық-құқықтық нормалар бәсекелестігіне байланысты Қазақстан Республикасында бұл мәселені реттейтін қылмыстық құқық теориясы мен тәжірибесінде барлық даулы аспектілерді жою үшін қабылданған кейбір заң актілеріндегі жекелеген нормаларды қоспағанда арнайы заң қабылданғандықтан, бұл тақырып өзекті болып қала бермек.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Бапанова Т.Т. Қылмыстық жауаптылықтан босату: нормалар бәсекелестігінің мәселелері // Қазақстан Республикасы ИМ Алматы академиясының ғылыми еңбектері. – №4(61). – 2019. – Алматы, 97-102 б.
2. Gabriel Rodríguez, Sara Blanco Contrast effect on the perception of the severity of a criminal offence - Anuario desicología Jurídica Volume 26, Issue 1, 2016, Pages 107-113

3. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі (04.09.2021 өзгертулермен және толықтырулармен) // Интернет-ресурс: <https://adilet.zan.kz/kaz>. (Жүгінген мерзім күні: 01.11.2021)

4. БҰҰ ресми сайты ООН. Венская конвенция о дипломатических сношениях от 18 апреля 1961 года // Интернет-ресурс: <https://www.un.org/ru>. (Жүгінген мерзім: 20.10.2021 г.)

5. Глебов И.Н. Международное право – М.: Дрофа, 2006. – 368 с. // Интернет-ресурс: <http://cawater-info.net>. (Жүгінген мерзімі: 27.10.2021).

6. Swart B. Arrest and Surrender // The Rome Statute of the International Criminal Court: A Commentary / Eds. A. Cassese, P. Gaeta, John R. W. D. Jones. Oxford, 2002. Vol. II. P. 1639-1704 // Интернет-ресурс: <https://fdslive.oup.com/www.oup.com/academic/pdf/13/9780198298625.pdf> (Жүгінген мерзім: 01.11.2021)

7. Конвенция ООН о борьбе против незаконного оборота наркотических средств и психотропных веществ от 20 декабря 1988 года // Интернет-ресурс: <https://www.un.org/ru/documents>. (Жүгінген мерзім: 06.11.2021)

8. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы (23.03.2019 өзгертулермен және толықтырулармен) // Интернет-ресурс: <https://adilet.zan.kz>. (Жүгінген мерзімі: 06.11.2021).

List of sources used

1. Varanova T.T. exemption from criminal liability: problems of competition of norms // scientific Proceedings of the Almaty Academy of the Ministry of internal affairs of the Republic of Kazakhstan. - Almaty, 2019. - №4(61). - P. 97-102.

2. Gabriel Rodríguez, Sara Blanco Contrast effect on the perception of the severity of a criminal offence - Anuario desicología Jurídica Volume 26, Issue 1, 2016, Pages 107-113

3. Criminal Code of the Republic of Kazakhstan dated July 3, 2014 (with amendments and additions dated 04.09.2021) // Internet resource: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z7> (review date: 01.11.2021)

4. UN official website UN. Vienna Convention on Diplomatic Relations from April 18, 1961 // Internet resource: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/dip_rel.shtml (review date: 20.10.2021).

5. Glebov I.N. interzhdunarodnoye pravo-Moscow: Drofa, 2006 – - 368 P. // Internet resource: http://cawater-info.net/bk/water_law/pdf/glebov.pdf (review date: 27.10.2021).

6. Swart B. Arrest and Surrender // The Rome Statute of the International Criminal Court: A Commentary / Eds. A. Cassese, P. Gaeta, John R. W. D. Jones. Oxford, 2002. Vol. II. P. 1639-1704 // Internet resource: <https://fdslive.oup.com/www.oup.com/academic/pdf/13/9780198298625.pdf> (review date: 01.11.2021)

7. UN Convention on the fight against illegal drug use and psychotropic substances from December 20, 1988 // Internet resource: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/illicit_drugs.pdf (review date: 06.11.2021).

8. Constitution of the Republic of Kazakhstan dated August 30, 1995 (with amendments and additions dated 23.03.2019) / Internet resource: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (review date: 06.11.2021).

Авторлар туралы мәліметтер

Баянов Мағжан Талғатұлы – Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы «Құқық қорғау қызметі» мамандығының 3 курс докторанты, заң ғылымдарының магистрі, полиция капитаны.

Баянова Тогжан Талғатқызы – Алматы қаласы Заң колледжінің арнайы пәндер оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі.

Баянов Мағжан Талғатович – докторант 3-го года обучения специальности «Правоохранительная деятельность» Алматинской академии МВД Республики Казахстан имени Макана Есболатова, магистр юридических наук, капитан полиции.

Баянова Тогжан Талғатовна – преподаватель специальных предметов Юридического колледжа города Алматы, магистр юридических наук.

Varanov M.T. – master of law, Kazakhstan, Almaty doctoral student of the 3rd year of study of the specialty «Law enforcement» of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after Makana Esbolatova.

Varanova T.T. – master of law, Kazakhstan, Almaty teacher of special subjects at the Law College of Almaty.

Д.Р. Нуркеева¹

¹Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре
Республики Казахстан, г. Нур-Султан, Казахстан

НОРМАТИВНО-ПРАВОВОЕ СОДЕРЖАНИЕ ПРИНЦИПА ЗАКОННОСТИ

В статье рассматриваются отдельные узловые моменты проявления принципа принципов уголовного процесса – принципа законности. Общеизвестна роль и назначение данного принципа, как ключевого в сфере уголовного судопроизводства и важность следования ему, его строго соблюдения во всех стадиях производства по уголовному делу.

Безусловна связь данного принципа со всеми иными принципами уголовного процесса, а также общими условиями его отдельных стадий, регламентированных уголовно-процессуальным законодательством.

Данный принцип наполняет все общественные (уголовно-процессуальные) отношения в области досудебного уголовного процесса, так как лежит в основе законной и обоснованной реализации компетенции и полномочий органов уголовного преследования при производстве по уголовным делам.

В этом плане в статье фрагментарно охарактеризованы идеи воплощения данного принципа и в УПК отдельных постсоветских государств.

Ключевые слова: уголовный процесс, уголовное дело, производство по уголовному делу, законность; принципы уголовного процесса, следователь, прокурор, досудебное расследование, уголовное преследование.

Заңдылық қағидасының нормативтік-құқықтық мазмұны

Бұл мақалада қылмыстық процестің принциптерінің принципі-заңдылық қағидасының мәселелері қарастырылады. Бұл қағиданың қылмыстық іс жүргізу саласындағы негізгі рөлі мен мақсаты және оны ұстанудың маңыздылығы, оны қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің барлық сатыларында сақтау қажеттігі барлығына белгілі.

Бұл қағиданың қылмыстық процестің барлық басқа қағидаларымен, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен реттелетін оның жеке кезеңдерінің жалпы жағдайымен байланысы да маңызды.

Заңдылық қағидасы сотқа дейінгі қылмыстық процесс саласындағы барлық қоғамдық (қылмыстық іс жүргізу) қатынастарды толтырады, өйткені ол қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде заңды және негізделген қылмыстық қудалау органдарының құзыреті мен өкілеттіктерін іске асыру негізінде жатыр.

Осыған байланысты мақалада посткеңестік кеңістіктегі жекелеген мемлекеттердің қылмыстық іс жүргізу кодекстеріндегі заңдылық қағидасын жүзеге асыру идеялары қысқаша сипатталған.

Түйінді сөздер: қылмыстық процесс, қылмыстық іс бойынша қылмыстық іс жүргізу, заңдылық, қылмыстық процестің қағидалары, тергеуші, прокурор; сотқа дейінгі тергеп-тексеру; қылмыстық қудалау.

Regulatory and legal content of the principle of legality

This article discusses the issues of the principle of the principles of criminal procedure - the principle of legality. The role and purpose of this principle as a key one in the field of criminal proceedings and the importance of following it, observing it at all stages of criminal proceedings are well known.

The connection of this principle with all other principles of the criminal process, as well as the general conditions of its individual stages, regulated by the criminal procedure legislation, is also important.

This principle fills all public (criminal procedural) relations in the field of pre-trial criminal proceedings, as it underlies the legitimate and justified implementation of the competence and powers of the criminal prosecution authorities in criminal proceedings.

In this regard, the article describes in fragments the ideas of the implementation of this principle in the Criminal Procedure Code of individual post-Soviet states.

Keywords: criminal procedure; criminal record-keeping in a criminal case, legality; principles of criminal procedure, investigator, prosecutor; pre-trial investigation; criminal prosecution.

Как правило, при конструировании принципов соответствующей отрасли права законодатель использует различные юридико-технические приемы.

Так, в случае с УПК Казахстана, он структурно выделяет принципы в отдельной 2 главе уголовно-процессуального закона, содержащей также связанные с ними задачи уголовного процесса, а также дает их исчерпывающий перечень. В другом случае, перечень принципов в законе не формулируется, а их содержание выводится из конституционных положений. Например, это характерно для норм Общей УК Казахстана.

Наряду с указанными приемами используются и другие, связанные с конструированием принципов отрасли права. В большинстве случаев законодатель выделяет базовые принципы, которые позволяют в конечном итоге гармонизировать и унифицировать национальное законодательство в рамках общепризнанных принципов и норм международного права.

К ним, в частности, следует отнести: принцип законности; принцип равенства перед законом и судом; принцип справедливости; принцип гуманизма.

Однако вернемся к принципу законности.

Требование соблюдения законности впервые было выдвинуто в период европейской революций XVII-XVIII вв.

В частности, принцип законности как уголовно-правовой принцип, был сформулирован в научных трактатах XVIII века и предполагал: «Нет ни преступления, ни наказания без указания о том в законе (Nullum crimen sine lege et nullum poena sine lege)». Известный итальянский просветитель Ч. Беккариа, разрабатывавший демократическую идею о соотношении соразмерности наказания и преступления, также писал: «Только закон может устанавливать наказание за преступления, и власть их издания может принадлежать только законодателю» [1, с. 91].

Законность, прежде всего, принцип жесткого следования всех органов государства, должностных лиц и граждан требованиям норм закона и судебных решений, который предполагает эффективную защиту законных интересов и прав граждан, а также возможность обжалования действий и решений государственных органов и должностных лиц в суде.

Непреложно и то, что уголовно-процессуальные принципы являются фундаментом современного цивилизованного уголовного процесса. Без соблюдения принципов невозможна ни защита прав и свобод человека и гражданина, ни принятие справедливых процессуальных решений. Они представляют собой закрепленные в нормах уголовно-процессуального закона основные правовые идеи, определяющие сущность и характер уголовного судопроизводства.

В системе принципов уголовного процесса, предусмотренных УПК, принцип законности далеко не случайно обозначен среди них на первом месте. Тем самым, законодатель подчеркивает его значение и роль, а также важность следования ему и соблюдения на всех стадиях уголовного судопроизводства.

Вне всякого сомнения, органическая связь данного принципа со всеми иными принципами уголовного процесса, а также общими условиями его отдельных стадий, регламентированных нормами глав 24 и 42 УПК. Последние, как точно подмечает профессор Когамов М., будучи конкретными процессуальными правилами, не доходят до значения принципов уголовного процесса, а их игнорирование не способствует полноценной реализации этих прин-

ципов соответствующих уголовного процесса и констатирует незаконность решений и действий органов уголовного преследования [2].

Действие принципа законности УПК адресует, прежде всего, к органам и должностным лицам уголовного процесса, подчеркивая, в этой связи, что нарушение требований уголовно-процессуального закона ими недопустимо, влечет соответствующую ответственность и признание недействительными незаконных актов и их отмену.

Для достижения результата в исследовательской работе нами предпринята попытка рассмотреть данный принцип на примере норм УПК некоторых постсоветских государств (например, Российской Федерации, Республик Узбекистан, Азербайджан, Эстонской).

При этом изучение законодательства вышеуказанных постсоветских государств в области уголовного процесса проведено по определению места и содержания принципа законности в уголовном процессе по следующим направлениям: а) по соблюдению требований принципа законности; б) по субъектам принципа законности; в) по ответственности субъектов исполнения принципа законности.

Итак, что присуще первому направлению.

К примеру, в УПК РФ принцип законности закреплен в ст. 7 главы 2 Общей части УПК РФ таким образом, что суд, прокурор, следователь, орган дознания, начальник органа дознания, начальник подразделения дознания и дознаватель не вправе применять федеральный закон, противоречащий настоящему Кодексу [3].

В УПК Республики Узбекистан данный принцип закреплен в ст.11 аналогичной части и главе 2 УПК и выражен следующим образом - судья, прокурор, следователь, дознаватель, защитник, а также все лица, участвующие в производстве по уголовным делам, обязаны точно соблюдать и исполнять требования Конституции Республики Узбекистан, настоящего Кодекса и других законодательных актов Республики Узбекистан [4].

В УПК Азербайджанской Республики этому принципу отведена ст. 10.1 главы 2 Общей части, которая гласит, что суды и участники уголовного процесса должны строго соблюдать положения Конституции Азербайджанской Республики, настоящего Кодекса, других законов Азербайджанской Республики, а также международных договоров с участием Азербайджанской Республики [5].

Анализ одновременно показал, что в сравнении с вышеуказанными государствами в Эстонской Республике отсутствует норма, которая прямо предусматривает принцип законности, однако в ст.2 главы 1 Общих положений УПК определено, что Конституция является источником уголовно-процессуального права, но по строгому соблюдению ее положений участниками уголовного процесса отдельная норма отсутствует [6]. Это возможно следует объяснить тем положением, что Эстонская Республика является членом Европейского Союза и, надо полагать, ее УПК стал в определенном смысле существенно отличаться от УПК других постсоветских государств.

По второму направлению исследования, а именно по субъектам исполнения принципа законности, как и в теории права и государства, имеются спорные моменты. Например, некоторые ученые-юристы считают, что принцип законности распространяется на всех участников и граждан, вовлеченных в орбиту уголовного процесса, тогда как другие полагают, положения данного принципа распространяются лишь на государственные органы, а именно суд, прокурора, следователя и дознавателя.

В целом, более правильно в этом вопросе учитывать распространение действия этого принципа на всех участников уголовного процесса, на чем акцентируют внимание практически все сравниваемые государства постсоветского пространства, кроме Эстонии.

По ответственности субъектов принципа законности картина здесь следующая.

В Казахстане нарушение закона судом, органами уголовного преследования при производстве по уголовным делам недопустимо и влечет за собой установленную законом ответственность, признание недействительными незаконных актов и их отмену [7].

В РФ нарушение норм УПК судом, прокурором, следователем, органом дознания, начальником органа дознания, начальником подразделения дознания или дознавателем в хо-

де уголовного судопроизводства влечет за собой признание недопустимыми полученных таким путем доказательств [3].

В УПК Республики Узбекистан всякое отступление от точного исполнения и соблюдения законов, какими бы мотивами оно ни было вызвано, является нарушением законности в уголовном процессе и влечет за собой установленную ответственность [4].

В УПК Азербайджанской Республики процессуальные действия, совершаемые с нарушением требований принципа законности требований, и постановления, принимаемые с таким нарушением, не имеют юридической силы [5].

В контексте изложенного, очевидно, что существование принципа законности во всех приведенных нами государствах, главным образом противодействия, объясняет тот факт, что нарушения законности, особенно, в сфере досудебного уголовного процесса до сих пор имеют широкое распространение и формы.

Поэтому выработка научных мер этому явлению определяет актуальность исследования проблем выражения принципа законности в области уголовного процесса.

К тому же, анализ и обобщение теоретических источников по данному вопросу показали, что проблема укрепления законности в области досудебного уголовного процесса остается в разряде «вечных» тем законодателя и правоприминителей [8].

В числе причин такого положения стоит указать на нестабильность уголовно-процессуального закона, его частую и нечеткую коррекцию.

Есть и серьезные нарекания к непродуманным институциональным преобразованиям уголовно-процессуальной деятельности.

Здесь же несовершенство путей устранения пробелов уголовно-процессуального закона, слабая образовательная и профессиональная подготовка должностных лиц, ведущих досудебный уголовный процесс, недостаточное теоретическое обеспечение национальной уголовно-процессуальной деятельности.

В этой связи, в данный момент остро необходимо теоретическое осмысление реального действия принципа законности в ходе уголовного судопроизводства на примере органов уголовного преследования Казахстана. Это актуально в ходе законодательного определения практических функций органов ведущих уголовный процесс в рамках новой конструкции построения уголовного процесса.

10 ноября текущего года депутаты Мажилиса в первом чтении одобрили поправки в законопроект по вопросам внедрения трехзвенной модели с разграничением полномочий и зон ответственности между правоохранительными органами, прокуратурой и судом.

Согласно новым поправкам на органы прокуратуры возложено составление обвинительных актов. Данные изменения нацелены на более глубокое ускорение процесса установления законности в досудебных стадиях с целью уточнения функций органов уголовного преследования.

С начала текущего года юридическую силу постановлениям органов расследования придает прокурор, а именно, о признании подозреваемым, квалификации деяния, прерывании сроков и прекращении уголовного дела и т.д. оперативному принятию таких решений придает электронный формат судопроизводства.

По данным надзорного органа, за 10 месяцев этого года из 329 тысяч постановлений органов расследования законными признаны только 287 тысяч. Остальные не согласованы или направлены на доработку [9].

Надзор прокурора за расследованием преступлений выражался, как в том, что прокурор следил за соблюдением при расследовании уголовных дел всех требований уголовно-процессуальных и иных законов, так и в том, что он обеспечивал правильность расследования уголовного дела по существу.

Следование принципу законности, как главному принципу выполнения полномочий прокурором, является основным условием соблюдения всех других принципов. В чем его суть? Прокурор в рамках закона осуществляет высший надзор за законностью деятельности государственных, местных представительных и исполнительных органов, органов местного

самоуправления и их должностных лиц, иных организаций независимо от формы собственности, и также принимаемых ими актов и решений.

Защищая закон, прокурор, прежде всего, должен беспрекословно следовать ему сам, опираясь на закон, а его решения должны быть мотивированными и обоснованными. Это, несомненно, накладывает на прокурора как на правоприменителя особые требования, в том числе и морально-этические.

Система правовых актов прокурорского реагирования и принимаемые прокурором решения должны быть обоснованы законом, а полномочия прокуроров по выявлению правонарушений и реагированию на них должны опираться на строго определенные законом формы.

Прокуратура – единственный орган, к компетенции которого Конституцией страны отнесен высший надзор за законностью как одна из наиболее важных форм обеспечения законности в стране. Термин «высший» означает не только предельность инстанции ее осуществления, но и объем, глубину и пределы его распространения [10, с. 274].

В результате анализа и в ходе изучения теории и истории возникновения принципа законности, правомерно утверждать, содержание и реализация принципа законности не изменились с момента появления права и государственности.

В настоящее время объективно требуется теоретическое прогнозирование состояния законности в досудебном уголовном процессе, определение актуальных направлений досудебного уголовного процесса, повышение внимания органов прокуратуры и следственных судей к высокой мотивации решений и действий органов уголовного преследования, с выработкой практических рекомендаций для процессов правотворчества и правоприменения в контексте укрепления режима законности в данной стадии уголовного процесса.

Также немаловажно, использовать ранее полученные по теме рекомендации и предложения, для внесения законодательных предложений по улучшению состояния режима законности в уголовно-процессуальной деятельности, при разработке обязательных для органов досудебного расследования приказов Генерального Прокурора РК, спецкурсов, проведении занятий в системе переподготовки и повышения квалификации по вопросам уголовного процесса для сотрудников органов уголовного преследования, прокуроров, следственных судей в Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре РК и Академии правосудия при Верховном Суде РК.

Таким образом, теоретические и практические аспекты действия принципа законности, должны во всех случаях быть в поле зрения органов и должностных в сфере уголовного процесса уже с момента начала приема и регистрации заявления или сообщения об уголовном правонарушении и до окончательного завершения досудебного и судебного процессов, с использованием для этих целей конкретных практических рекомендаций и алгоритмов действий для сотрудников правоохранительных органов.

Вне всякого сомнения, что достижение этих целей, невозможно без науки уголовного процесса, которая должна постоянно и последовательно подпитывать практику этой деятельности.

Список использованных источников

1. Беккариа, Ч.О преступления и наказаниях / Ч.О.Беккариа. -М.: ИНФРА-М., 2004. – 184с.
2. Когамов М.Ч. / Выступление д.ю.н., профессора Когамова М.Ч. 05.03.2021 года на международном круглом столе на тему «Актуальные проблемы уголовного правосудия Республики Казахстан и Республики Узбекистан: опыт, проблемы, решения». Конференция в формате онлайн на платформе Zoom, <https://us02web.zoom.us/j/81958377659?pwd=SWsyNWY5VTA3KzRW9sQWpVRzh5QT09>
3. Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации от 18.12.2001 N 174-ФЗ (ред. от 01.07.2021, с изм. от 23.09.2021) <http://www.consultant.ru>. (Дата обращения: 10.11.2021.)
4. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Узбекистан от 22 сентября 1994 года №201 изменениями и дополнениями по состоянию на 29.10.2021 года, <https://online.zakon.kz/>. Дата обращения: 10.11.2021 г.

5. Уголовно-процессуальный кодекс Азербайджанской Республики (утвержден Законом Азербайджанской Республики от 14 июля 2000 года № 907-IQ) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 23.04.2021 г.)

6. Уголовно-процессуальный кодекс Эстонской Республики. Принят 12.02.2003. Вступил в законную силу 01.07.2004. <https://www.juristaitab.ee/sites/www.juristaitab>. Дата обращения: 10.11.2021 г.

7. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 04.07.2014 г. № 231-V ЗРК. <https://adilet.zan.kz>. Дата обращения: 10.11.2021.

8. Westen, P. Two Rules of Legality in Criminal Law [Electronic resource] / P. Westen // Law and Philosophy. – 2007. – Vol. 26. – No. 3, – P. 229-305. Access mode: <https://www.jstor.org/stable/27652617> (Access data: 04.08.2021).

9. Полномочия полиции, прокуратуры и судов разграничат в Казахстане. Новости Казахстана. <https://tengrinews.kz/kazakhstan>. (Дата обращения: 11.09.2021.)

10. Асанов Ж. Прокуратура – инструмент обеспечения законности и защиты человека, его жизни, прав и свобод. Становление и развитие современной казахстанской государственности / Ж. Асанов. – Фонд Первого Президента РК – Елбасы, Нур-Султан, 2019. – 359 с.

List of used literature

1. Beccaria, including About crime and punishment / H. O. Beccaria. – М.: INFRA-M, 2004. – 184 с.

2. Kogamov M. H / Statement D. Yu. N., Professor Kogamov M. S. 05.03.2021 of the year at the international round table on "Actual problems of criminal justice of the Republic of Kazakhstan and the Republic of Uzbekistan: experience, problems, solutions." Conference in online format on the Zoom platform, <https://us02web.zoom.us/j/81958377659?pwd=SWsyNWY5VTA3KzRW9sQWpVRzh5QT09>

3. The Criminal Procedure Code of the Russian Federation of 18.12.2001 N 174-FZ (as amended on 01.07.2021, with amendments. from 09/23/2021) http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34481/f5c3db1837a657c14a41cd8ea577f01e9f8f9209/ / 10.11.2021.

4. Criminal Procedure Code of the Republic of Uzbekistan dated September 22, 1994 No. 201 as amended and supplemented as of 10/29/2021, https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30421101&sub_id=110000&pos=831;-54#pos=831;-54. 10.11.2021

5. The Criminal Procedure Code of the Republic of Azerbaijan (approved by the Law of the Republic of Azerbaijan No. 907-IQ of July 14, 2000) (with amendments and additions as of 04/23/2021)

6. The Criminal Procedure Code of the Republic of Estonia. Adopted on 12.02.2003. Entered into force on 01.07.2004. <https://www.juristaitab.ee/sites/www.juristaitab.ee/files/elfinder/ru-seadused> . 10.11.2021

7. Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan dated 04.07.2014 No. 231-V ZRK. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231>. 10.11.2021.

8. Westen, P. Two Rules of Legality in Criminal Law [Electronic resource] / P. Westen // Law and Philosophy. – 2007. – Vol. 26. – No. 3, – p. 229-305. Access mode: <https://www.jstor.org/stable/27652617> (Access data: 04.08.2021).

9. The powers of the police, prosecutor's office and courts will be delimited in Kazakhstan. News of Kazakhstan. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/polnomochiya-politsii-prokuraturyi-sudov-razgranichat-453523/. 11.11.2021.

10. Asanov, Zh. The Prosecutor's Office is an instrument for ensuring the rule of law and protecting a person, his life, rights and freedoms. Formation and development of modern Kazakh statehood / Zh. Asanov. – Foundation of the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy, Nur-Sultan, 2019. – 359 s.

Сведения об авторе

Нуркеева Д.Р. – докторант 2-го курса Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, юрист 2-го класса, магистр юридических наук.

Нуркеева Д.Р. – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының 2-курс докторанты, 2-сыныпты заңгер, заң ғылымдарының магистрі.

Nurkeeva D.R. – 2nd year doctoral student of the Academy of Law Enforcement Agencies at the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Lawyer of the 2nd class, Master of Law.

Қ.Ш. Жакенов¹

¹Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы,
Алматы, Қазақстан

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ИНСПЕКТОРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Мақалада қызмет көрсетілетін әкімшілік учаскедегі құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу бойынша учаскелік полиция инспекторының қызметінің негізгі бағыттары қарастырылады. Учаскелік полиция инспекторларының құзыретіне кіретін функциялар талданады. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша УПИ-ның қызметін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілердің мазмұны қаралды. УПИ-ның жұмысын бағалаудың негізгі параметрлері қоғам тарапынан сенім деңгейі және халықтың қауіпсіздік сезімі болуы тиіс. УПИ-ның қылмыстарды жетілдірудің себептері мен жағдайларын анықтау және жою жөніндегі қызметін жетілдіріу сипатталды. Шет ел полициясының тәжірибесі қарастырылды. Осы бағыттағы проблемалық мәселелер қаралып, қылмыстың алдын алу бойынша УПИ-ның қызметін жетілдіру бойынша шешу жолдары ұсынылды.

Түйінді сөздер: ішкі істер органдары, учаскелік полиция инспекторы, профилактика, ескерту, қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылық.

Деятельность участкового инспектора полиции в системе профилактики правонарушений

В статье рассматриваются основные направления деятельности участкового инспектора полиции по профилактике правонарушений на обслуживаемой административном участке. Анализируются функции, которые входят в компетенцию участковых инспекторов полиции. Проанализируем содержание основных нормативных актов, регулирующих деятельность участкового инспектора полиции по профилактике правонарушений. Рассмотрены опыт полиции зарубежных стран. Это характеризуется улучшением деятельности участкового инспектора полиции с целью выявления и устранения причин и условий, способствующих совершению правонарушения. Ключевыми параметрами оценки работы участковых инспекторов полиции должны стать уровень доверия со стороны общества и чувство безопасности у населения. Учитывая проблему в данном направлении, были предложены решения по совершенствованию деятельности участкового инспектора полиции по реализации профилактических мероприятий.

Ключевые слова: органы внутренних дел, участковый инспектор полиции, правонарушение, профилактика, предупреждение, охрана общественного порядка.

The activities of the district police inspector in the system of crime prevention

The article discusses the main activities of the district police inspector for the prevention of offenses in the serviced administrative area. The functions that fall within the competence of district police inspectors are analyzed. Let's analyze the content of the main normative acts regulating the activities of the district police inspector for the prevention of offenses. The experience of the police of foreign countries is considered. This is characterized by an improvement in the activities of the district police inspector in order to identify and eliminate the causes and conditions that contribute to the commission of an offense. The key parameters for evaluating the work of local police inspectors should be the level of public confidence and a sense of security among the population. Taking into account the problem in this direction, solutions were proposed to improve the activities of the district police inspector for the implementation of preventive measures.

Keywords: internal affairs bodies, local police inspector, offense, prevention, protection of public order.

Өртүрлі мемлекеттерде әкімшілік аумақ (елдімекен) шегінде құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі қызмет әр түрлі тәсілдермен жүзеге асырылады. Бұл салада әр елдің өзіндік тәжірибесі бар, оны зерттеу қазіргі күннің өзекті талаптарының бірі болып табылады.

Д.В. Васильев атап өткендей, шетелдік тәжірибені зерттеу әлеуметтік прогреске ықпал ететін факторларды анықтауға, қоғамның және оның жеке ішкі жүйелерінің дамуының іргелі заңдылықтарын анықтауға, әлеуметтік тарихи прогрестің критерийлерін тұжырымдауға, әлеуметтік қатынастардың динамикасын болжауға, қазіргі проблемаларды жеңудің тиімді тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді [1]. С.Н. Гордееваның пікірі бойынша, шетелдік мемлекеттік институттардың жұмысын ғылыми негізделген талдаудың практикалық құндылығы бұл отандық аналогтардың күшті және әлсіз жақтарын көруге мүмкіндік береді. Шетелдік тәжірибені шығармашылық тұрғыдан түсіну және қолдану заманауи мәселелерді жақсырақ түсінуге, теория мен практиканың даму заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді, оларды мұқият талдаусыз анықтау қиын [2]. Әр елдің қоғамдық тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі басқа мемлекеттердің жүйелерінен өзгеше. Бұл салада біздің елімізде белгілі бір тәжірибе жинақталған. Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алуда учаскелік полиция инспекторы маңызды рөл атқарады. Учаскелік полиция инспекторының қызметі азаматтарды тұрғылықты жері бойынша қылмыстық қол сұғушылықтан қорғаудың кепілі болып табылады. Нормативтік құқықтық актілерде учаскелік полиция инспекторларының әкімшілік аумақта өзінің негізгі қызмет уақытын өткізуі бекітілген, қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау кезінде іс-шаралар өткізу қажеттілігі туындаған кезде қызмет учаскелік полиция пункттерінде жүзеге асырылады.

Мақалада тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресуге және оны алдын алуға бағытталған отандық заңнаманы жетілдіру жөніндегі мәселелер қарастырылған. Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрестің құқықтық негізін құрайтын негізгі нормативтік-құқықтық актілердің тізімі келтірілген. Қарастырылатын мәселеге халықаралық ұйымдардың, белгілі заңгер-ғалымдардың көзқарастары да ұсынылған. Мақалада елімізде, бүкіл әлемде орын алған пандемия жағдайында отбасылық зорлық-зомбылық дейгейі айтарлықтай өсіп кеткендігі туралы айтылған. Біздің пайымдауымызша, осындай жағдайда зорлық-зомбылықпен күресу шаралары да күшейтілу керек. Автор тұрмыста күш көрсетуді болдырмау кезіндегі шетелдік және халықаралық ұйымдардың тәжірибесін басшылыққа алған. Мақалада тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты статистикалық мәліметтер ұсынылған.

Отбасылық зорлық-зомбылық, әйел адамдарға қарсы зорлық-зомбылығы, моральдық азап шегуі, халықаралық ұйымдар.

Совершенствование законодательства по предотвращению и пресечению бытового насилия против женщин

В данной статье рассматриваются меры по совершенствованию национального законодательства в сфере предотвращения насилия в семейно-бытовых отношениях. Приведен перечень основных нормативных правовых актов, составляющих правовую основу деятельности по борьбе с семейно-бытовым насилием. Приводятся мнения известных ученых юристов, авторитетных международных организаций по рассматриваемому вопросу. В статье акцентируется внимание на том, что в условиях пандемии, распространившейся в стране и во всем мире уровень насилия в быту значительно повысился. По нашему мнению, в этом случае соответственно меры по реагированию на насильственные действия в быту должны быть ужесточены. Автор руководствовался опытом зарубежных и международных организаций в предотвращении насильственных действий в быту. В статье приводится статистика по фактам семейно-бытового насилия в стране.

Ключевые слова: семейное насилие, дискриминация по отношению к женщине, насилие над женщинами, моральные страдания, международные организации.

The implementation of legislation on the prevention and suppression of domestic violence against women

This article discusses measures to improve national legislation in the field of prevention of violence in domestic relations. The list of the main normative legal acts that form the legal basis of activities to combat domestic violence is given. The opinions of well-known legal scholars, authoritative international organizations on the issue under consideration are given. The article focuses on the fact that in the conditions of the pandemic that has spread in the country and around the world, the level of domestic violence has significantly increased. In our opinion, in this case, accordingly, measures to respond to violent acts in everyday life should be tightened. The author was guided by the experience of foreign and international organizations in preventing violent acts in everyday life. The article provides statistics on the facts of domestic violence in the country.

Keywords: family violence, discrimination against women, violence against women, moral suffering, international organizations.

Мемлекетіміздің негізгі заңы Конституцияның алғашқы бөлімінде Ата заң адамдардың құқықтарын қорғайтындығы, оған кепілдік берілгендігі туралы айтылған. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабына сәйкес: 1. Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. 2. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. 3. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар [1].

Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі бүкіл әлемде өзекті. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың шегі, ол елдің даму деңгейіне, оның әлеуметтік-ауқатының деңгейіне байланысты емес, ешқандай әлеуметтік топтармен байланысы жоқ екені жалпы мойындалған.

1981 жылдан бастап бүкіл әлем 25 қараша әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жоюдың халықаралық күні ретінде атап өтеді. Мұның тарихи негізі 1960 жылы Доминикан Республикасында орын алған оқиға болды, Доминикандық диктатор Рафаэль Трухильоның бұйрығымен әйелдер құқығы үшін күресте саяси белсенділер болған үш апалы-сіңлілі Мирабал қатыгездікпен өлтірілді [2]. Бұл күні халықаралық ұйымдар мен үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктер осы мәселеге назар аударуға бағытталған іс-шаралар өткізеді: семинар-тренингтер, практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер, қоғамдық іс-шаралар және т.б. Оның мәні – әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне бүкіл қоғамның, мемлекет пен құқық қорғау органдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының назарын аудару.

Біріккен Ұлттар Ұйымының «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы» Декларациясында әйелдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық және кез келген басқа салаларда адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын жүзеге асыру және қорғауда тең құқықтары бар деп жарияланған. Бұл кепілдіктер жүйесіне, атап айтқанда, әйелдердің өмір сүруге, теңдікке, бостандыққа және жеке басының қол сұғылмауына, қорғалуына, кемсітуге, азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынастар мен жазаларға ұшырамау құқықтары кіреді.

Кофи Аннанның «Әйел құқығы бұзылған қоғам ешқашан өркениетті бола алмайды» деп айтқанын әділ деп санаймыз. БҰҰ деректері бойынша әлемде әйелдер мен қыздардың 35%-ы өмір бойы физикалық және/немесе жыныстық зорлық-зомбылықтың қандай да бір түрінен зардап шегеді, ал кейбір елдерде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың салдары ұрпақтар бойы сақталады [3].

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабына сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылық физикалық, психологиялық, жыныстық және (немесе) экономикалық зорлық-зомбылық нысанында көрсетілуі мүмкін [4].

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ерекшелігі – қылмыскер жәбірленушімен жақын туыстық немесе некелік қарым-қатынаста болатын, көбінесе материалдық және моральдық жағынан тәуелді, бір тұрғын үй кеңістігінде тұратын және оның құрбанына кедергісіз қол жеткізуге мүмкіндігі бар адам. Осы себепті әйелдер бұзылған құқықтарын қорғау үшін тиісті органдарға үнемі жүгіне бермейді, бұл олардың қылмыскердің жазасыз қалуына сенімділік туғызып, болашақта жағдайды ушықтырады. Қазақстандық әйелдердің менталитеті, ер адамға мойынсұнушылық пен мызғымас құрметке негізделген тәрбие деңгейі де мұндай жағдайда теріс көмек көрсетуде [5].

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау мақсатында ішкі істер органдары қорғау ұйғарымдары шығару арқылы күнделікті өмірде құқық бұзушылық жасаған адамдарға белгілі бір шектеулерді қолдануға құқылы.

Мысалы, Заңның 17-бабында «тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шаралары тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның құқықтық санасы мен мінез-құлқына жүйелі түрде мақсатты түрде ықпал ету, оның тарапынан жаңа құқық бұзушылықтар

жасаудың алдын алу және жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету». Белгілі бір шараны тандаған кезде олар қолданылған адамның жеке ерекшеліктерін, олар жасаған құқық бұзушылықтардың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін ескеру міндетті [4].

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы заңның және оның алдын алу және зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету бойынша Қазақстан Республикасының бірқатар нормативтік құқықтық актілерінің болуына қарамастан, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері қажетті шешімдерді таппай отыр.

Қазақстан Республикасы Конституциясының адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайтындығын, ешкімді азаптауға, зорлық-зомбылыққа немесе өзге де қатыгез, арнамысты қорлайтын әрекеттерге ұшырауға болмайтынын реттейтін 17-бабын атап өткен жөн [1]. Бұл конституциялық ереже жеке басын отбасындағы қол сұғушылықтан қорғау жағдайларына толығымен қолданылады.

Занда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі. Отбасылық зорлық зомбылыққа қарсы күресу жұмыстың құқықтық негізін келесі нормативтік актілер құрайды:

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Конвенция, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы», «Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі», «Қазақстан Республикасының отбасылық зорлық-зомбылық профилактикасы» туралы заңы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы заңы. Ата заңымыздың 17-бабында адамның қадір-қасиетіне ешкімнің қол сұғуға құқығы жоқ екендігі және ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадірқасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайтындығы туралы тікелей айтылған. Атап айтқанда: 1.Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. 2.Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Келесі нормативтік актіде денсаулыққа келтірілген зиянға байланысты айтылған. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 73-бабында отбасылық қатынастарда құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы айтылған [6]. Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер қаралған. Құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. Егер құқыққа қарсы әрекет әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған болса – кінәлі тұлға он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алынады 73-1-бап. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру. Денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

Құқық бұзушы өзімен бірге отбасылық байланыста тұратын адамға, жиі әйелдерге қатысты жасалған әрекеттер – ескерту жасауға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер -жиырма тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. Сонымен қатар, «сот бұйрығы» деген ұғым қолданыла бастады. Ол отбасы ішінде болған жанжалға әсер ету шарасы болып табылады, ресми бұйрық. Мысалы, үйде болған жанжалдан кейін әйелі күйеуіне көршілердің телефон соғуы негізінде оқиға болған жерге келген полицияға арыз жазғысы келмейді. Осындайда айқын көгеруді немесе беттегі соққыға соғу белгілері айқын болмағандықтан, бұл жағдайда қоқан лоқы көрсетушіге, бұдан былай үйде дау-дамай жасауға, қол көтеруге тыйым салынады. Бұл оқиғадан кейін де полиция қызметкері, атап айтқанда учаске инспекторы аптасына бірнеше рет құқық бұзушы

тұратын жерге барып, тексереді. Қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін құқық бұзушыға әкімшілік қамаққа алу ескертілуі не жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Біріккен Ұлттар Ұйымы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты «қоғамдық немесе жеке өмірде болсын, әйелдерге физикалық, жыныстық немесе психологиялық зиян немесе азап келтіретін немесе жасалған кез-келген зорлық-зомбылық әрекеті» деп анықтайды. Covid-19 коронавирустық инфекциясы басталғаннан кейін әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық, әсіресе тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларының саны артып кеткеніне куә болып отырмыз. БҰҰ Бас хатшысының «әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты бірлесіп тоқтатамыз» атты ұзақ мерзімді наұқанын қаржыландыру саласындағы кемшіліктерді жою, пандемия кезіндегі зорлық-зомбылық құрбандарына негізгі қызметтер көрсету, әйелдер мен қыздарға көмек көрсету жөніндегі қызметтердің әлеуетін нығайту үшін алдын алу шараларына және деректер жинауға баса назар аудару жөніндегі жаһандық іс-қимылдарды күшейтуге бағытталған. Жалпы, бүкіл әлемде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары көп жағдайда әйелдер болып табылады және бұл зорлық-зомбылықтың неғұрлым ауыр түрлерін бастан кешіретін әйелдер. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық әйел затының құқықтарын өрескел бұзу ғана емес бұл ғаламдық эпидемия, миллиондаған әйелдер мен қыздардың өмірі мен денсаулығына төнген кешенді қауіп болып отыр.

Біріккен Ұлттар Ұйымының (онан әрі – БҰҰ) Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитеті өзінің № 19 және № 28 жалпы ұсынымдарында гендерлік зорлық-зомбылық көпшілік алдында да, жеке контексте де кемсідудің бір түрі болып табылатындығын атап өтті. БҰҰ-ның экономикалық, әлеуметтік мәдени құқықтар жөніндегі комитеті гендерлік теңдік туралы ережесі қатысушы мемлекеттерден «көбінесе әйелдер сияқты тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына қауіпсіз тұрғын үйге, құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізуді және физикалық, психикалық және эмоционалды зиянды өтеуді талап етеді» деп көрсетеді [5]. «Тұрмыстық зорлық – зомбылық», «отбасылық зорлық – зомбылық», деп айтылғанда, барлық адамдар әдетте қандай әлеуметтік құбылыс туралы болатынын түсінеді. Бұл дегеніміз, отбасының құшағында біреудің туысының немесе басқа жақын адамының жаман қарым-қатынасы салдарынан дене немесе моральдық азап шегуі және тіпті қайтыс болуы орын алады. Отбасындағы зорлық-зомбылық дегеніміз-физикалық немесе психикалық азап немесе мүліктік зиян келтіру қауіпін тудыратын отбасы мүшесіне қатысты қасақана жасалған әрекет. Отбасылық зорлық-зомбылықты алдын алу шаралары негізінен әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әлі негіз жоқ жағдайларда кездеседі. Н. Ажгихинаның айтуынша, тұрмыстық зорлық-зомбылық жиілігін арттыру арқылы физикалық, жыныстық, ауызша, эмоционалды және экономикалық қорлау жақын адамдарға билік пен бақылау алу мақсатында деп айтқан [8]. Тұрмыстық жағдайда орын алатын әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты алдын алу оңай мәселе болмай отыр және оны шешімі жан-жақты болуы керек. Шетелдерде отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу және шешу жолдары халықаралық және ұлттық тұрғыдан қарастырылады. Бұл мәселені шешуде барлық елге бірыңғай тәсіл қолданылмайды, себебі әр мемлекеттің халқының өзіндік айырмашылықтары бар. Соңғы жылдарда отбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты заңнаманы талдау көптеген мемлекеттер халықаралық конвенциялардың ережелерін ресми түрде бекітуге ғана емес, сонымен бірге іс жүзінде халықаралық ұйымдардың тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және оған қарсы күреске қатысты ұсыныстарын орындауға тырысатындығын көрсетеді [9].

Бүгінгі таңда көптеген мемлекеттерде отбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты арнайы заңдар мен нормативтік құқықтық актілер енгізілсе, кей мемлекеттерде қоғам талабына сай қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Соның бірі Францияда «қоғамдық жерде бетті жауып жүруге тыйым салынады» осындай толықтырулар қылмыстық және әкімшілік кодекстерге енгізуде [9].

Көптеген шетел мемлекеттерінде осы мәселеге қатысты көптеген зерттеулер жүргізілген мысалға, дәстүрлі және дәстүрлі емес отбасылар арасындағы зорлық зомбылықты айтуға болады. АҚШ, Канада, Австралия, Израил елдерінің зерттеуіне сәйкес ер

адамның кінәсінен 40%-70% пайыз әйел адамдар құрбан болады. Сонымен қатар көптеген әйел адамдар сырттан көмек сұрауға сескенетіндіктері анықталды. Зерттеу нәтижесі бойынша 20%-70% пайыз әйел адамдар өзіне қатысты қатыгез қатынасты ешкімге айтпаған. Тұрмыстық оның ішінде әйел адамдарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу немесе жеңілдетудің шараларын ұсынуға болады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсететін мекемелер тізімін қарастырсақ: ішкі істер органдары, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету орталықтары, медициналық ұйымдар, прокуратура органдары, адам құқықтары және бала құқықтары жөніндегі уәкілдер мекемелер, мемлекеттік билік органдары, халықты әлеуметтік қорғауды басқару органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және тағы басқа мекемелер болуы мүмкін. Заң жобасына сәйкес, ішкі істер органдары үйдегі зорлық-зомбылық туралы кез-келген хабарламаларға: зардап шеккендердің өтініштеріне, куәгерлердің өтініштеріне, әлеуметтік қорғау органдары мен медициналық ұйымдардың мәліметтеріне жауап беруі керек. Арыздар тек орын алған фактілер туралы ғана емес, сондай-ақ зорлық-зомбылық қатерлері туралы да дереу қаралуы тиіс. Әйел адамдарға қарсы зорлық-зомбылығы (физикалық, жыныстық және эмоционалды) әйелдерде физикалық, психикалық, жыныстық және репродуктивті денсаулықтың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді проблемаларына әкеледі. Зорлық-зомбылықтың бұл түрлері олардың балаларына да әсер етеді, олардың отбасылары мен қоғам үшін айтарлықтай әлеуметтік және экономикалық шығындар тудырады. Мұндай зорлық-зомбылықтың салдарының нәтижесі мынадай болуы мүмкін: - бұл кісі өлтіру және суицид түрінде өлімге әкелуі мүмкін; - бұл жарақатқа әкелуі мүмкін: - зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің 42% пайызы осындай зорлық-зомбылықтан алған жарақат туралы хабарлайды; - мұндай зорлық-зомбылықтың салдары қажетсіз жүктілік, жасанды түсік, гинекологиялық проблемалар және жыныстық жолмен алынған инфекциялар, басқада жұқпалы ауруларға әкелуі мүмкін. Зорлық-зомбылық орын алған отбасыларда өсетін балалар кейінгі өмірде зорлық-зомбылықты немесе оған сезімталдықты тудыруы мүмкін мінез-құлық және эмоционалды бұзылулардан зардап шегуі мүмкін. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу көп салалы тәсілді талап етсе де мұнда денсаулық сақтау секторы маңызды рөл атқарады.

Қазақстанда 1999 жылы ішкі істер органдарында әйелдерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау мақсатында арнайы бөлімшелер құрылды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерге көмектесу үшін полиция қызметкерлері мамандандырылған дағдарыс қызметтерімен өзара әрекеттеседі. 2016 жылғы 21 желтоқсанда тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары бекітілді. Тек 2020 жылы дағдарыс орталықтарына 14 мың әйел көмек сұрап жүгінсе, полиция қызметкерлері бұл орталықтарға 4,5 мың әйелді жіберді.

Дағдарыс орталықтары тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетуге арналған, оның ішінде тегін заңгерлік және психологиялық кеңестер, медициналық тексерулер мен емдеу, уақытша баспанамен қамтамасыз ету, ауқымды ақпараттық-ағарту жұмыстары жүргізіледі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы серіктестермен ынтымақтастықта келесі әрекеттерді орындайды. Өртүрлі жағдайларда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың ауқымы мен сипаты туралы нақты деректер базасын жинақтайды және елдердің осындай зорлық-зомбылық пен оның салдарын құжаттау және өлшеу бойынша күш-жігеріне, оның ішінде тұрақты даму саласындағы мақсаттарды мониторингтеу контексінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты өлшеу әдістерін жетілдіре отырып ықпал етеді. Бұл қызмет проблеманың ауқымы мен сипатын түсіну және елдерде жаһандық деңгейде практикалық шараларды ұйымдастыру үшін өте маңызды. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл бойынша денсаулық сақтау секторының тиімді іс-шараларын тексеру және анықтау үшін ғылыми зерттеулер жүргізеді. Зорлық-зомбылық проблемасы бойынша жаһандық іс-қимыл жоспарын жүзеге асыруда елдер мен серіктестерге: а) ақпарат тарату және әйелдердің денсаулығы мен құқықтарын нығайту саласындағы ұлттық күш-жігерге жәрдемдесу және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу қағидаттарына

негізделеді. б) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа ден қою саласында, оның ішінде ДДҰ құралдары мен басшылық қағидаттарын қолдану арқылы денсаулық сақтау секторының әлеуетін нығайту жолымен жүзеге асырылады. Халықаралық мекемелер мен ұйымдармен әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты зерттеу, «барлығы бірге қыздарды қорғау» бастамасы, халықаралық акушер-гинекологтар федерациясының әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесі жөніндегі жұмыс тобы және БҰҰ-ның зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерге арналған негізгі қызметтер пакетіне арналған бірлескен бағдарламасы сияқты бастамалар шеңберінде зорлық-зомбылықты азайту және жою мақсатында ынтымақтасады.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының ӘҚБК 73-б. 1 және 2 тармақтарындағы жауапкершілікті күшейту қажет яғни айыппұл қосу қажет деп санаймын. Айыппұл мөлшері 10 айлық есептік көрсеткіш шамасында және қоғамдық жұмысқа 15 тәулікке тарту көзделсе. Ішкі істер органының қызметкері жүргізетін құқық бұзушыға құқықтық ағарту және құқықтық ақпараттандыру шаралары және профилактикалық әңгіме шараларын жүргізу. Сонымен қатар Ішкі істер органдарының қызметкерлері тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты айыпталушыны арнайы тізімге алу және психологтың көмегіне жүгіну қажет. Тізімге сәйкес ай сайын бай бойы ішкі істер органының бақылауында болса. Отбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты отбасылық, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерінің үйлесімділігін анықтау қажет. Отбасындағы әсіресе әйел адамдарға қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу барысында мәселені егжей-тегжейлі өте мұқият болу қажет. Себебі заңдарды дұрыс түсіндірмеу немесе жеткілікті деңгейде білмеуі салдары өте ауыр болуы мүмкін. Мәселен болмашы отбасылық жанжалдар қайтымсыз салдарға, бұзылған тағдырға және балаларға психологиялық соққы болуы мүмкін. Әрбір жас отбасы тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымын, мәнін дұрыс түсінбеуі мүмкін. Әр мемлекеттің өзінді ерекшеліктері болады мәселен әдет ғұрпы, салт дәстүрі сондықтан отбасы жағдай өте нәзік проблемалардың бірі. Бірақ, екінші жағынан отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасы шын мәнінде бар және жақындарына қатыгездік көрсету жағдайлары жазасыз қалмауы үшін заңнаманы жетілдіру қажет деп есептеймін.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды <https://adilet.zan.kz/kaz> (Жүгіну мерзімі: 03.09.2021 ж.)
2. Mirabal sisters explained // <http://everything.explained.today>
3. Raziyeva D.B. Murzabekova Zh.T. «The impact of the pandemic on the level of domestic violence against women: socio-legal aspects» // Collection of materials of the International Scientific and Practical Conference «Social and Legal Aspects of Prevention of Domestic Violence against Women».
4. Августхан С.А. Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығындағы зорлық-зомбылық ұғымдарының сипаттамалары // Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясының ғылыми еңбектері. – №1(30). – 201223 б.
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының
6. Ibragimova F.G. Candidate of Law, Head of the Department of Civil and Legal Disciplines of the Kazakh Humanitarian and Juridical Innovative University, Semey Lebed V.I. Candidate of Law, Head of the Department of Civil and Legal Disciplines of the Kazakh Humanitarian and Juridical Innovative University, Semey 8. «Socio-legal problems of domestic violence against women in the Republic of Kazakhstan» // Collection of materials of the International Scientific and Practical Conference «Social and Legal Aspects of Prevention of Domestic Violence against Women».
7. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ <https://adilet.zan.kz/kaz/> (Жүгіну мерзімі: 12.09.2021 ж.)
8. См. более подробно: Ажгихина Н. Кто защищает женщин. – М., 1996.
9. Усиление ответных мероприятий на гендерное насилие в секторе здравоохранения Казахстана. Материалы республиканских совещаний, проведенных партнерами при поддержке Фонда ООН в области народонаселения – ЮНФПА. – Астана, 2001.
10. Серия договоров Совета Европы - №. 210 Конвенция Совета Европы о предотвращении и борьбе с насилием в отношении женщин и домашним насилием. – Стамбул, 11.V.2011

List of sources used:

1. "Constitution of the Republic of Kazakhstan" the Constitution was adopted at a republican referendum on August 30, 1995 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Mirabal sisters explained // <http://everything.explained.today>
3. Raziyeva D.B. MurzabekovaZh.T.«The impact of the pandemic on the level of domestic violence against women: socio-legal aspects»// Collection of materials of the International Scientific and Practical Conference «Social and Legal Aspects of Prevention of Domestic Violence against Women».
4. Augustkhan S. A. characteristics of the concepts of violence in the criminal law of the Republic of Kazakhstan // scientific papers of the Almaty Academy of the Ministry of internal affairs of the Republic of Kazakhstan. – 2012-№1(30).- 23 p.
5. amendments to the law of the Republic of Kazakhstan" on the Prevention of domestic violence"
6. Ibragimova F.G.Candidate of Law, Head of the Department of Civil and Legal Disciplines of the Kazakh Humanitarian and Juridical Innovative University, Semey Lebed V.I.Candidate of Law, Head of the Department of Civil and Legal Disciplines of the Kazakh Humanitarian and Juridical Innovative University, Semey8.«Socio-legal problems of domestic violence against women in the RepublikKazakzstan»// Collection of materials of the International Scientific and Practical Conference «Social and Legal Aspects of Prevention of Domestic Violence against Women».
7. Code of the Republic of Kazakhstan" on administrative offenses " dated July 5, 2014 No. 235-V Sam <https://adilet.zan.kz/kaz / docs / K1400000235>
- 8.cm. for more information: Azhikhina N. who protects women. Moscow, 1996.
Article in the conference materials:
9. strengthening response measures to gender discrimination in the healthcare sector of Kazakhstan materials of Republican meetings held by partners with support from the UN fund in the region of narodonaselenia-UNFPA Astana 201
10. series of agreements of the Soviet Union of Europe-no. 210 Council of Europe Convention on prevention and fight against violence in relation to women and domestic violence Istanbul, 11.V.2011

Автор туралы мәлімет

Бимбет Асемгул Бимбетқызы – Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының 2 курс докторанты полиция капитаны.

Бимбет Асемгул Бимбетқызы – докторант 2-курса Алматинской академии МВД Республики Казахстан имени Макана Есбулатова.

Bimbet Assemgul Bimbetkyzy – 2-nd year phd-student at Almaty Academy named after M. Esbolatov Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan.

Р.Р. Әмір¹

¹Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы,
Алматы, Қазақстан

ПОРНОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ НЕМЕСЕ ЗАТТАРДЫ ЗАҢСЫЗ ТАРАТУДЫҢ ТҮСІНІГІ

Порнография – қылмыстық-құқықтық күрес саласында туындайтын ең күрделі проблемалардың бірі және бұл құбылысты заңды түрде анықтау мәселесі туындауда. Порнографияға қарсы қылмыстық-құқықтық күрес саласында туындайтын басты қиындықтардың бірі осы тұжырымдаманы заңды түрде анықтау мәселесі. Қазіргі уақытта қылмыстық заңнамада түбегейлі тұрғыда «порнографияға» анықтама берілмеген. Берілген мақала порнография ұғымына анықтама бере отырып, оның негізгі белгілерін ажыратады. Сонымен қатар мақалада порнографияны таратудың қоғамдық қауіптілігін негіздеу үшін әртүрлі дәлелдер келтірілген. Порнография санатындағы қылмыстық істер бойынша сараптама жүргізудің негізгі критерийлері берілген. Порнография тұжырымдамасының халықаралық және Қазақстандық құқықтық жүйесіндегі анықтамалары салыстырыла отырып зерттелген.

Түйінді сөздер: порнография, порнографиялық материалдар, қылмыстық істер, құқықтық жүйе, анықтама, сараптама.

Понятие о незаконном распространении порнографических материалов или веществ

Порнография является одной из самых сложных проблем в сфере уголовного права, и стоит вопрос о юридическом определении этого явления. Одна из главных трудностей в борьбе с порнографией - отсутствие юридического определения данного понятия. В настоящее время уголовное законодательство не дает фундаментального определения «порнографии». В данной статье дается определение понятию «порнография» и выделяются ее основные признаки. В статье приводятся различные аргументы в пользу общественной опасности распространения порнографии. Представлены основные критерии рассмотрения уголовных дел по категории порнографии. Исследуются определения понятия порнографии в международной и казахстанской правовой системе.

Ключевые слова: порнография, порнографические материалы, уголовное право, правовая система, определение, экспертиза.

The concept of illegal distribution of pornographic materials or substances

Pornography is one of the most difficult problems in the field of criminal law, and there is a question of legal definition of this phenomenon. One of the main difficulties in the fight against pornography is the legal definition of this concept. At present, the criminal law does not provide a definition of "pornography". This article defines the concept of pornography and distinguishes its main features. The article also provides various arguments to justify the public danger of pornography. The main criteria for the examination of criminal cases in the category of pornography are presented. Definitions of the concept of pornography in the international and Kazakhstani legal systems are studied in comparison.

Keywords: pornography, pornographic materials, criminal cases, legal system, reference, expertise.

Порнография – бұл жынысқа, жыныстық қатынасқа қатысты не нәрсені болса да бейнелеудегі әдепсіздік, шектен шыққан арсыздық деп түсінуімізге болады.

Порнографиялық материалдардың немесе заттардың негізгі мазмұны жыныстық қатынасты бейнелеудегі шектен шыққан әдепсіздік пен арсыздықтан, жыныс қызметінің анатомиялық және физиологиялық егжей-тегжейлігін дөрекі натуралистік жолмен бейнелеуден тұрады.

Бұл заттар мен материалдардың мақсаты - әсіресе кәмелетке толмағандардың жүйкесінің бұзылуына, жыныстық қызметінің әлсіреуіне әкеп соқтыруы мүмкін, жыныстық қатынасқа деген теріс, жағымсыз көзқарас тудыру болып табылады. Материалдар мен заттардың порнография қатарына жатқызылу мәселесі әр жақты жағдай бойынша мәдениет тұрғысынан сараптауды қажет етеді.

Порнографияға қарсы қылмыстық-құқықтық күрес саласында бірқатар қиындықтар туындады, олардың бірі осы тұжырымдаманы заңды түрде анықтау мәселесі ретінде көрініс табады. Қоғамда әртүрлі моральдық-этикалық стандарттар, яғни рұқсат етілген қарым қатынастар да бар. Демек осындай қалыпты қарым-қатынастарға керісінше теріс мазмұнды «порнография» ұғымы қалыптасқан.

Қазіргі уақытта қылмыстық заңнамада түбегейлі тұрғыда «порнографияға» анықтама берілмеген. Мысалы, орыс тілі сөздігінде С. Ожегов «жыныстық қатынасқа байланысты бейнелеудегі тым әдепсіздік, азғындық» деп түсіндірген [1, 452 б].

Порнографиялық мазмұндағы заттар, альбомдар, кино және бейнефильмдер, баспа өнімдері, порнографиялық материалдар (фотосуреттер, ойын карталары, т.б.) - бұлар қылмыстың заты болып табылады.

Порнографиялық материалдар жыныстық қатынасқа қатысты фото суреттері бар, яғни әдепсіздік пен арсыздықты білдіретін бейнелер. Олар нәсіп пен эротика жайында теріс көзқарас қалыптастырып, нәпсіқұмарлықты бұзылған жолмен қанағаттандыру қажеттілігін туындатып, адамның қалыпты жыныстық қалыптасуына адамгершілік тұрғыдан теріс бағыттарға итермелейді.

Мысалы, А. В. Наумова «Егер материал немесе зат порнографиялық болса және де нәпсіқұмарлықты қоздыруға бағытталған (өрескел жыныстық қатынас) әдепсіз түрде болса, адамның жыныстық теріс мінез-құлқын бейнелейді, сонымен бірге олар әдеби-көркем немесе ғылыми құндылығы жоқ болып танылады» делінген [2, 31 б.]. Осы анықтамадан порнографияны әлеуметтік теріс құбылыс ретінде сипаттайтын бірқатар белгілерді ажыратуымызға болады. Атап айтқанда:

- материал немесе зат нәпсіқұмарлықты қоздыруға бағытталған;
- цинизм;
- адамның жыныстық мінез-құлқының әдепсіз бейнесі;
- маңызды әдеби, көркем немесе ғылыми құндылығының болмауы.

Оның пікірінше, материалдың немесе тақырыптың порнографиялық сипаты әдетте, кез-келген қарапайым адамға айқын болуы керек. Өз кезегінде, материалдың және тақырыптың порнографиялық сипатын анықтау үшін, сараптаманы қолдану адамның жыныстық өмірін бейнелеудегі лайықты немесе ұятсыз деп танылған идеяларға сүйене отырып, мұндай сипат айқын болмаған кезде ғана рұқсат етіледі. Әрине, адамның ішкі сеніміне мәдени, ұлттық және діни дәстүрлер әсер етеді, сондықтан оның мазмұнын біркелкі қолдану үшін «порнография» ұғымының ресми түсіндірмесі болған жөн.

Порнографияны таратудың қоғамдық қауіптілігі, әдетте, қоғам үшін жағымсыз екі салдармен дәлелденеді:

1) адам өмірінің жыныстық саласы туралы бұрмаланған түсінік алатын жастардың адамгершілік дамуына теріс әсер етуі;

2) зорлық-зомбылық немесе нәпсіқұмарлық қылмыстарға бейімділікті қалыптастыруы.

Порнографияны таратудың қоғамдық қауіптілігін негіздеу үшін әртүрлі дәлелдер келтірілген. Мысалы, «порнография зиянды жыныстық құмарлықты, соның ішінде

бұрмаланған түрдегі жыныстық қажеттіліктерді қанағаттандыруға» арналған. Мұның бәрі, сайып келгенде, адамның моральдық және физикалық өзгеруі ғана емес, сонымен бірге моральдық қағидалар үшін жағымсыз салдармен де байланысты болып келеді.

Порнография моральдық және моральдық келбеті әлі қалыптаспаған және физикалық дамуы аяқталмаған кәмелетке толмағандарға үлкен зиян келтіреді [3, 52 б.].

Кейбір ғалымдардың пікірінше, порнографиялық материалдар мен заттардың таралуының әлеуметтік қауіптілігі «бұрмаланған идеяларды қалыптастырудан және жыныстық қатынастар саласындағы әлеуметтік жауапкершілік пен еркіндік қағидаларын бұзудан» тұрады, - делінген.

Басқа ұстанымға сәйкес, порнографиялық материалдардың таралуының әлеуметтік қауіптілігі олардың кәмелетке толмағандардың қалыпты физикалық және психикалық дамуына теріс әсерімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, порнография жыныстық бұзылулардың пайда болуына әкеледі. Порнографиялық материалдармен танысу зорлау, жыныстық зорлық-зомбылық, азғындық сияқты қылмыстарға әсер етуі мүмкін.

Порнографиядан (порнографиялық материалдардан немесе заттардан) эротика (эротикалық туындылар) айырмашылықтарға ие, ол адам денесінің қозғалысымен, бейнелі тұрғыда байланысты, олар құмарлық пен жыныстық қозуға әсерін тигізеді.

Осы санаттағы қылмыстық істерді тергеу кезінде құқық қорғау органдары эротикалық сипаттағы өнімдерді өндірумен және таратумен айналысатын адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуда, материалдар мен заттарды порнографиялық немесе эротикалық екендігіне кәсіби деңгейде бағалауын қажет етеді [4, 21 б.].

Қаралып отырған санаттағы істер бойынша қылмыс объектілерінің порнографиялық сипатын анықтау үшін зерттелетін заттар мен материалдардың порнографиялыққа жататындығын анықтау үшін арнайы (өнертану) сараптамасын жүргізу міндетті. Бұл ретте, кино және бейнефильмдер зерттелсе, онда сарапшы ретінде кино және бейне өнері саласындағы маман тартылады (картиналар мен суреттер - кескіндеме және бейнелеу өнері саласындағы маман және т. б.).

Сарапшылардың сараптамаға ұсынылған фильмдердің мазмұны мен сипаты туралы айтқан пайымдаулары, комиссия мүшелерінің кино өнерінің ерекшелігін ескермей, тұрмыстық көріністер деңгейіндегі дәлдік бағалауларына емес, арнайы танымға негізделуі тиіс. Мысалы, сот-өнертану сараптамасы жүргізілді. Мәтіндік және бейнелеу материалдарын жіктеу кезінде және бейне таспалардағы жазбаны порнографияға жатқызу туралы мәселені шешу кезінде сарапшы өнер тарихы мен әдебиеттануда танылған порнографиялық өнімдердің критерийлерін негізге алды:

1. порнография эротикадан айырмашылығы-адамды өзінің сезімдерінің, сезімдері мен эмоцияларының барлық байлығында бейнелейтін тұтас өнер, адамның жыныс құмарлығы жеке сәттеріне назар аударады, оларды өмірлік контекстен шығарып, жыныстық қатынас пен оны жүзеге асыру сипатына дейін бейнелеуі;

2. порнографияның міндеті және мақсаты - көрерменнің жыныстық қозуын ояту немесе күшейту;

3. порнография - бұл ең төменгі стандартты жыныстық қатынас, жыныс мүшелеріне назар аудартуы, жыныстық қатынасты әдепсіз көрсетуі;

4. порнография - жыныстық азғындау, жынысты рухтан айыру, имандылыққа жатпайтын барлық жыныстық қатынастардың анайы түрлері.

5. порнография стереотиптермен жұмыс істейді (яғни, схемалық, стандартталған бейнелер немесе құбылыс немесе объект туралы идеялар), оның мақсаты - әлеуметтік конвенциялардың нормаларын бұзу және адамдардың толқуына қол жеткізу. Сонымен қатар, табиғи емес жыныстық қатынасты, топтық жыныстық қатынастар, адамның жыныс мүшелерін ашық көрсету болып табылған әрекеттер;

6. порнография іс жүзінде имандылықты (адамгершілікті) жоққа шығарады.

Порнография - қылмыстық-құқықтық күрес саласында туындайтын ең күрделі проблемалардың бірі және бұл құбылысты заңды түрде анықтау мәселесі туындауда.

Порнографияның жоғары мәдени шартты құбылыс болып табылатындығы, яғни туындылардың бір немесе басқа түрін порнографияға жатқызу белгілі бір қоғамда қабылданған моральдық-этикалық стандарттарға, рұқсат етілген шекараларға байланысты болып келеді.

Осы айырмашылықтарға байланысты, «Халықаралық жария құқық» нормалары порнографияның жан-жақты анықтамасын қамтымайды. Жалпы анықтамалар ұлттық заңнамаларда, доктринада және сот практикасында беріледі. Қылмыстық заңның мәтінінде порнографияның жалпы анықтамасы өте сирек кездеседі (ҚХР Қылмыстық кодексі, Норвегия, Румыния, Словакия т.б.). Мысалы, ҚХР Қылмыстық кодексінде порнографиялық өнімдер - баспа басылымдары, фотосуреттер, бейнекассеттер, аудиокассеттер, суреттер және порнографиялық сипаттағы жыныстық әрекеттерді егжей-тегжейлі сипаттайтын немесе жынысты ашық насихаттайтын басқа да өнімдер. Адам физиологиясы мен медицина туралы ғылыми басылымдар порнографиялық туындыларға жатпайды. Сонымен қатар, мәдени құндылығы бар сексуалдық (эротикалық) мазмұндағы әдебиет пен өнер туындылары порнографияны анықтауға жатпайды [5, 6]. Норвегия Қылмыстық кодексінде (§204) порнография дегеніміз - «адамның құндылығын төмендететін, ыдырайтын немесе қорлайтын немесе басқаша әрекет ететін жыныстық бейнелер; жыныстық суреттерге балалардың қосылуы, мәйіттер, жануарлармен жыныстық қатынастар, зорлық-зомбылық пен мәжбүрлеу сипатында қолданылатын заттар мен материалдар кіреді» [7, 411 б.]. Сонымен қатар, жыныстық бейнелер порнография болып саналмайды, олар көркем, ғылыми, ақпараттық немесе ұқсас тұрғыдан рұқсат етілуі керек.

Егер материалдың сипаты немесе оның таралу жағдайлары оның балаларға немесе басқа да сезімтал аудиторияға арналғанын көрсетпесе, қарапайым ересектерге қатысты басым апелляция бағалануы керек. Көбінесе порнографияның заңды анықтамасы қылмыстық заңнама шеңберінен тыс беріледі.

Украинаның «қоғамдық моральды порнографияны насихаттайтын өнімдерден қорғау туралы» Заңына сәйкес (2003 жылғы) порнография - деп «жыныстық актілерді дәрекі, әдепсіз фиксациялау, жыныс мүшелерін, жыныстық қатынастың антистетикалық көріністерін, жыныстық ауытқуларды, моральдық өлшемдерге сәйкес келмейтін, адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын суреттерді көрсету»- деп түсіндіреді [8, 115 б.].

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде порнографияның заңды анықтамасы жоқ. Авторлардың бірі дұрыс атап өткендей, қазіргі Қазақстанда тек саяси, экономикалық, әлеуметтік емес, сонымен бірге моральдық құндылықтардың қиылысында тұрған кезде, порнография мен эротика ұғымдарын сипаттайтын заң толықтай әзірленбеген.

Мысалы, аталған мәселеге қатысты істі қарау кезінде РСФСР Жоғарғы Сотының сот алқасы бейнефильмдерді порнографиялық өнімдерге жатқызу арнайы білімі мен жұмыс тәжірибесі бар кино саласындағы мамандардың міндетті қатысуымен өнер тарихы сараптамасымен жүргізілуі керек екендігін деп атап өткен болатын [9, 187 б.].

Заң әдебиеттерінде порнографияның әртүрлі және сәйкес келмейтін анықтамалары қаншалықты берілгенін бағалау үшін келесі мысалдарды келтіру жеткілікті. Шетелдік сөздердің қысқаша сөздігінде порнография «жыныстық қатынасқа қатысты бір нәрсенің натуралистік бейнесі, сондай-ақ әдебиет, бейнелеу өнері немесе фильм, осындай мазмұндағы фотосурет» - деп түсініледі.

Егер материал немесе зат порнографиялық болса, егер ол тұтасымен қабылданған болса, құмарлықты қоздыруға бағытталған (өрескел, дәрекі жыныстық қатынас) және егер ол анық, анық ұятсыз түрде болса адамның жыныстық мінез-құлқын бейнелейді және олардың әдеби, көркем немесе ғылыми құндылығы жоқ деп танылады.

Материалдың немесе тақырыптың порнографиялық сипаты арнайы білімі жоқ кез-келген қарапайым адамға айқын болуы керек. Қазақстандық заңгерлер, «классикалық анықтамаларға сәйкес, порнография дегеніміз-бұл адамның интимдік өмірінің төменгі рухтағы бейнесі... порнографияны классикалық түсіну оның ерекшелігі мен қауіптілігі сурет

(сипаттама) тақырыбында емес, сурет немесе сипаттаманың сипаты мен мақсаттарында болатындығына негізделген», - деп түсіндірген.

«Порнографиялық материалдар мен заттар танылады... негізгі мазмұны жыныстық қатынастардың анатомиялық және (немесе) физиологиялық бөлшектерінің натуралистік, егжей-тегжейлі бейнесі болып табылатын жұмыстар» - деп қылмыстық құқық бойынша оқу курстарының бірінде айтылған [10, 170 б].

Іс жүзінде қылмыстық әрекеттерді саралауда әрекеттердің өнерге жататындығын нақыталау күрделі проблемаларға әкеледі. Қылмыстық заңнамадағы түсініктемелердің нақтыланбағандығына байланысты, материалдар мен заттардың сипатын анықтау тиісті сараптамалардың (өнер тарихы, әдеби, сексологиялық және т.б.) қорытындысы негізінде жүргізілуі керек, өйткені порнография мен эротикалық құбылыстарды нақты ажырату күрделі.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып бірнеше қорытынды жасауға болады:

1. Революцияға дейінгі ресейлік қылмыстық заңда бұл қылмыстың тақырыбы деп аталды және порнографияны анықтау критерийлерін белгілеуге талпыныс жасалды деп айтуға толық негіз бар.

2. Қазіргі уақытта осы саладағы қылмыстық саясаттың негізгі бағыты кәмелетке толмағандардың рухани және физикалық дамуын порнографиялық өнімдердің зиянды әсерінен қорғау болып табылады.

3. Егер ол тұтасымен алынған болса, құмарлықты қоздыруға бағытталған (өрескел сезімтал жыныстық қатынас) және егер ол адамның жыныстық мінез-құлқын айқын, айқын, ұятсыз түрде бейнелесе және маңызды әдеби, көркем немесе ғылыми құндылығы болмаса, материал немесе зат порнографиялық болып табылады.

4. Порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз таратудың қауіптілігі мынада: мұндай әрекеттер моральды бұзады, жыныстық қатынастарды зиянды қоздыруға бағытталған немесе жыныстық қатынас арасындағы интимдік өмірді бұрмаланған және азғындық түсінікті қалыптастырады.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Ожегов С. И., Шведова Н. Ю. Толковый словарь русского языка. – М., 1996. – С. 651.
2. Наумов А. В. Уголовное право России. Особенная часть: курс лекций. – М.: 2011. – С.76.
3. Насырова Э.М. Криминологическая и оперативно-розыскная профилактика уголовных правонарушений, совершаемых несовершеннолетними // Қазақстан Республикасы ПМ Алматы академиясының ғылыми еңбектері. – 2021. – №5. – С.52.
4. Нагаев В.В. Критерии различия. Проблемы правовой оценки и экспертизы: Монография. – М.: Юнити-ДАНА, 2009. – 118 с.
5. Caroline Keen, Ronald Kramer, Alan France. The pornographic state: the changing nature of state regulation in addressing illegal and harmful online content // Media, Culture & Society.- 2020.- №42 (7).- 1175-1192 p
6. Abhilash Nair, The regulation of internet pornography: Issues and challenges.- London: Routledge, 2018.- 234 p.
7. Парфенова А. В. Законодательное закрепление в зарубежных странах преступления международного характера «порнография»//Инновационные процессы в современной науке. – 2017. – С. 409-420.
8. Ларина О. К. Проблемы уголовного преследования за изготовление и распространение порнографических материалов// Современное право. – 2019. – С.113-118.
9. Донченко А. Г. Понятие порнографии в российском уголовном праве // Известия высших учебных заведений. Правоведение. – 2015. – С. 186-192.
10. Мишланова В. А. О правовом содержании понятия «порнография»// Евразийский юридический журнал. – 2014. – С. 169-171.

List of sources used

1. Ozhegov S. I., Shvedova N. Y. Explanatory dictionary of the Russian language. - M., 1996. - p. 651

2. Naumov A.V. Criminal law of Russia. Special part: a course of lectures. - M.: 2011.P. 76.
3. Nasyrova E. M. Criminological and operational-investigative prevention of criminal offenses committed by minors // scientific works of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan. - 2021 - No. 5-S. 52
4. Nagaev V. V. Criteria of distinction. Problems of legal assessment and expertise: Monograph / M.: Unity-DANA, 2009. - 118 P.
5. Caroline Keen, Ronald Kramer, Alan France. The pornographic state: the changing nature of state regulation in addressing illegal and harmful online content // Media, Culture & Society.- 2020.- №42 (7).- 1175-1192 p
6. Abhilash Nair, The regulation of internet pornography: Issues and challenges.- London: Routledge, 2018.- 234 p.
7. Parfenova A.V. Legislative consolidation of international crimes "pornography" in foreign countries//Innovative processes in modern science. -2017. - pp. 409-420.
8. Larina O. K. problems of criminal prosecution for the production and distribution of pornographic materials // Modern law. - 2019-pp. 113-118.
9. Donchenko A. G. The concept of pornography in Russian criminal law // Izvestia of higher educational institutions. Jurisprudence. - 2015-pp. 186-192.
10. Mishlanova V. A. On the legal content of the concept of "pornography"// Eurasian Legal Journal. - 2014-pp. 169-171.

Автор туралы мәлімет

Әмір Райымбек Рашидұлы – Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының 2 курс докторанты полиция капитаны.

Әмір Райымбек Рашидұлы – докторант 2-курса Алматинской академии МВД РК имени Макана Есбулатова капитан полиции.

Amir Rayymbek Rashiduly – 2-nd year phd-student at Almaty Academy named after M. Esbolatov Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan.

О.С. Аралбаев¹

¹Алматинская академия МВД Республики Казахстан имени Макана Есбулатова,
Алматы, Казахстан

УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНЫЕ И ТАКТИКО-КРИМИНАЛИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОВЕДЕНИЯ ОБЫСКА ПО ДЕЛАМ О НЕЗАКОННОЙ ОХОТЕ

В предоставляемой статье, автором рассматриваются уголовно-процессуальные и тактико-криминалистические особенности проведения обыска по делам о незаконной охоте, которые позволяют целенаправленно выявлять необходимую для расследования информацию по каждому конкретному правонарушению, имеющие сходство преступного поведения правонарушителей, обстановки, механизма совершения и сокрытия преступных действий. В статье обосновывается вывод о том, что своевременно и грамотно проведенный обыск, позволяет установить факт браконьерства, подозреваемого и степень его вины, характер и размер причиненного материального ущерба; причины и обстоятельства, способствовавшие данному уголовному правонарушению. Обозначена необходимость проведения обыска по каждому факту противоправного промысла с целью поиска доказательств имеющих значение для расследуемого дела, а также на основе анализа выявленных следов, могут быть использованы для построения, проверки и корректировки оперативно-розыскных и следственных версий, планирования расследования, поиска других следов преступлений, и причастных лиц, оценки и использования доказательств, организации и проведения следственных действий и оперативно-розыскных мероприятий.

Ключевые слова: браконьерство, незаконная охота, оружие, расследование, следы, осмотр, задержание, обыск, экспертиза.

Қылмыстық іс жүргізу және тактикалық-криминалистикалық заңсыз аң аулау туралы істер бойынша тінту жүргізудің ерекшеліктері

Ұсынылған мақалада автор заңсыз аң аулау туралы істер бойынша тінту жүргізудің қылмыстық процестік және тактикалық-криминалистикалық ерекшеліктерін қарастырады, бұл әрбір нақты құқық бұзушылық бойынша тергеу үшін қажетті ақпаратты мақсатты түрде анықтауға мүмкіндік береді, құқық бұзушылардың қылмыстық мінез-құлқына, қылмыстық әрекеттерді жасау және жасыру жағдайына, механизміне ұқсас. Мақалада уақтылы және сауатты жүргізілген тінту браконьерлік фактісін, күдіктіні және оның кінәсінің дәрежесін, келтірілген материалдық залалдың сипаты мен мөлшерін; осы қылмыстық құқық бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен мән-жайларды анықтауға мүмкіндік береді деген тұжырым негізделеді. Тергеліп жатқан іс үшін маңызы бар дәлелдемелерді іздеу мақсатында заңсыз кәсіпшіліктің әрбір фактісі бойынша тінту жүргізу қажеттілігі белгіленді, сондай-ақ анықталған іздерді талдау негізінде жедел-іздістіру және тергеу нұсқаларын жасау, тексеру және түзету, тергеуді жоспарлау, қылмыстың басқа да іздерін және қатысы бар адамдарды іздеу, дәлелдемелерді бағалау және пайдалану, тергеу әрекеттері мен жедел-іздістіру іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу үшін пайдаланылуы мүмкін

Түйінді сөздер: браконьерлік, заңсыз аң аулау, қару-жарак, тергеу, іздер, тексеру, ұстау, тінту, сараптама.

Criminal procedural and tactical-criminalistic features of conducting a search in cases of illegal hunting

